# QAZAQ BILIMI

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

*2017 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады*


*№01 (64)*
*Қаңтар*
*2023 жыл*


## III БӨЛІМ


*Басылым Қазақстан  Республикасы*
*Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде*
*есепке қойылып, 2017 жылдың 28 шілдесінде*
*№16620-Ж тіркеу куәлігі берілген*

# МАЗМҰНЫ

**Калиева Сауле Толеухановна,** ..... **3**
*Оқушылардың функционалдық ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын арттыру* ..... *3*
**Парманова Раушан Темиртасовна,** ..... **4**
*Әже. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар* ..... *4*
**Нуржанова Назым Абылгалийқызы,** ..... **6**
*Жыл санау* ..... *6*
**Надирбекова Ақбота,** ..... **8**
*Жаңа заман ұстазының ғылыми-әдістемелік қалыптасуы* ..... *8*
**Армиябек Мадина Бахытқызы,** ..... **10**
*Экологиялық тәрбие берудегі халықтық педогогиканың маңызы* ..... *10*
**Махаева Айым,** ..... **12**
*Қазіргі қазақ медиа кеңістігіндегі лингвомәдени концептілердің репрезентациясы* ..... *12*
*Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы Ақан образы* ..... *15*
**Қанатова Айару Азатқызы,** ..... **17**
*«Sweet Home 3D модельдеу»* ..... *17*
**Досамбаева Тажикуль Сыздыкбаевна,** ..... **19**
*Нақты көрсеткіштік дәреже және оның қасиеттері* ..... *19*
**Kuchkarova S. T,** ..... **22**
*Our health* ..... *22*
**Алимкулова Эльвира Перныбаевна,** ..... **24**
*С. Муканов. «Балуан Шолак»* ..... *24*
**Асқарова Ш. Қ,** ..... **27**
*Шөл және шөлейт аумағының жайылымдарының маңызы* ..... *27*
**Медведева О. М,** ..... **30**
*Как грамотно оценивать читательскую грамотность современных школьников?* ..... *30*
**Қанапиянова Жадыра Шаденқызы,** ..... **34**
*Мектеп туризмінің мәселелері* ..... *34*
**Шлай Гаухар,** ..... **37**
*География пәнін оқытудың ерекшеліктері мен қолданылатын әдіс-тәсілдері* ..... *37*
**Бураханова Әсел Асанбекқызы,** ..... **39**
*Туған жер құндылықтары негізінде жасөспірімдерді тәрбиелеудің педагогикалық-психологиялық маңызы* . *39*
**Кайпова Жамила Ашыкбаевна,** ..... **41**
*Тәуелсіз Қазақстаным* ..... *41*
**Тургымбаева Диназат Турысбеккызы,** ..... **43**
*Тәрбиеші –ұлы тәрбиенің тірегі* ..... *43*
**Даурамбекова Айгерім Кабдуллаевна,** ..... **45**
*Цифрлық қазақстан: кеше және бүгін* ..... *45*

**КАЛИЕВА САУЛЕ ТОЛЕУХАНОВНА,**
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімінің "Көктерек орта мектебі" КММ мектеп директоры

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзіреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр.

Осыған орай алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен даярлықты білдіретін қалыптасқан құзыреттіліктерді анықтауда халықаралық зерттеу тапсырмаларының маңызы зор. Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделу мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік және интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде.

Жаңартылған білім мазмұнының негізгі өзегі – қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, жеке басының, сондай-ақ, қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Ғылыми жаратылыстану сауаттылығы келесі компоненттерден тұрады: ғылыми жаратылыстану пәндері аясында қалыптасатын «жалпы пәндік» машықтары, ғылыми жаратылыстану білімдері қолданылатын жаратылыстану ұғымдары мен жағдайлар. Зерттеу мақсатына – белгіленген машықтар мен ұғымдарды кешенді тексеру жатады. Ұсынылған сұрақтардан жаратылыстану ғылымдары жауап беретін сұрақтарды белгілей білу, берілген ақпараттың негізінде ғылыми негізделген қорытындылар жасай білу машықтарын тексеруге ерекше көңіл бөлінеді.

Жаратылыстану-математикалық бағытының білім мазмұны оқушы тұлғасының интелектуалдық әлеуетін дамыту мақсатында логикалық, математикалық, ғылыми-жаратылыстану, инженерлік ойлауын қалыптастыруды, әртүрлі өмірлік жағдайларға және болашақ кәсіби қызметіне қажетті оқушылардың аналитикалық, практикалық біліктері мен дағдыларын жетілдіруді қамтиды.

Оқушылардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту үшін алған білімін тиімді пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру және қоғамға пайда келтіру (құзыретті болу) маңызды әрі күрделі мәселе болып табылады

Қазіргі заманғы қоғам өмірінде оқушылардың жаратылыстану ғылымдары мен технологияларын түсінуі, оларға өмірге әсер ететін жаратылыстану ғылымдары мен технологиялары салыстырылатын қоғамдық стратегияны (курсты, саясатты) қалыптастыру жұмыстарына қатысуға мүмкіндік беріп, ерекше маңызға ие болуда. Сондықтан, PISA зерттеуі аясында 15-жастағы оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын зерттеу де маңызды болып табылады.

PISA зерттеуінде ғылыми жаратылыстану сауаттылығы ретінде ғылыми жаратылыстану білімдерін қолдана білу, қоршаған әлемді және оған адамның іс-әрекетінен қосылатын өзгерістерді түсінуге және сәйкесінше шешімдер қабылдауға қажетті мәселелерді анықтап, негіздемелі қорытындылар жасай білу қабілеттерімен түсіндіріледі.

Ғылыми жаратылыстану сауаттылығын төрт аймаққа бөлуге болады:

- ғылым мен технологияға сүйенетін өмірлік жағдайларды танып білуі (контекст) ;
- қоршаған орта мен ғылым туралы білімдерден тұратын ғылыми білімдердің негізінде техниканы қоса қоршаған әлемді түсінуі (білім) ;
- ғылыми сұрақтарды ажырата білуі, ғылыми жаратылыстану құбылыстарын түсіндіруі, айқын нақтылықтар мен дәлелдемелердің негізінде қорытындылар жасауы үшін ғылыми білімдерді қолданудан тұратын құзыреттіліктерді көрсетуі (құзіреттіліктер) ;
- ғылыми жаратылыстану біліміне деген қызығушылығы.

PISA зерттеуінде бағаланатын ғылым жаратылыстану білімдері, машықтары мен дағдылары ғылыми жаратылыстану циклі пәндері – физиканы (астрономия элементтерімен) , биологияны, химияны, географияны оқуда қалыптасады.

PISA бағдарламасы бағалаудың басқа жүйелерінен ерекшеленетін белгілі бір мақсаттарға ие. Осы мақсаттарды жүзеге асыруда мұғалім оқыту әдіс-тәсілдеріне өзгерістер енгізуі, білімдерін дамытуы қажет. PISA мәтіндерін түсіну үшін, жұмыс жасай білу үшін өз сабақтарында оқушыларды дайындай алатын түрлі технологияларды пайдалануы қажет.

**ПАРМАНОВА РАУШАН ТЕМИРТАСОВНА,**
"И. Шорманов атындағы орта мектеп" КММ Бастауыш сынып мұғалімі
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Алмалы ауылы

# ӘЖЕ. ЖУАН ЖӘНЕ ЖІҢІШКЕ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 1.2.1.2 оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану;<br>1.4.1.1 айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп жазу және есту, есте сақтау арқылы жазу;<br>1.2.8.2 дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну | | | |
| Сабақтың мақсаты | Өлеңді мәнерлеп оқиды.<br>Айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп жазады.<br>Дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке болып бөлінетінін түсінеді. | | | |
| Сабақтың барысы | | | | |
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Басы | Психологиялық дайындық. «Орын ауыстыру» ойыны<br>Оқушылар шеңбер бойымен отырады. Бір оқушы ортада орындықсыз тұрады. Оның мақсаты: орын тауып алу. Ол оқушы, мысалы, сары жапырақ ұстағандардың немесе жасыл жапырақ ұстағандардың орындарымен ауысады. Сол кезде жүргізуші біреудің орнына жылдам отырып алу<br>керек. Орындықсыз қалған оқушы ойыннан шығады.<br>Мұндағы мақсат – балалар сабақтың басында еркін қимылдар жасап, ойлары сергіп, сабаққа құлшыныспен қатысады. | Психологиялық дайындыққа берілген тапсырманы бірге орындайды.<br>Жапырақтар арқылы топқа бө- лінеді. Оқушылар қалаған жапырақтарын алып, топтарға бөлі- ніп отырады.<br>Жұмыс ережесін естеріне түсі- реді:<br>Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>Уақытты үнемдейміз.<br>Нақты, дәл жауап береміз.<br>Сабақта өзіміздің шапшаңдығы<br>мызды,<br>тапқырлығымызды<br>көрсетеміз. Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз. | | Түрлі түсті жапырақтар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Ортасы** | **1-жаттығу** ауызша орындалады. Автор жайында қысқаша мәлімет беріледі.<br>**Сырбай Мәуленов** – ақын, көптеген кітаптар жазған. 1922 жылы Қостанай облысы Жанкелдин ауданы Торғай ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына қатысқан.<br>Оқушыларға өлеңді мәнерлеп, тізбектей оқытамын. Өлең мазмұнын өз сөздерімен әңгімелетемін. Өлеңдегі жіңішке дауысты дыбыстарды табады.<br>Мұғалім «Әже» өлеңін мәнерлеп оқиды. Оқушыларға өлеңді мәнерлеп, тізбектей оқытамын. | Автор жайында қысқаша мәліметпен танысады.<br>Барлық оқушы өлеңді дауыстап, тізбектей оқып шығады.<br>Оқушылар өз түсініктерінше әжелерінің сөзі мен құшағын, алақанын, басқалардан ерекше жақсы көретінін айтады.<br>Жақсы баға алса, әжесін қуантып, өзі де мақтанып қалатынын айтады. | ҚБ: смайликтер арқылы | Таныстырылым https://adebiportal.kz/kz/authors/view/826<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Жіңішке дауысты дыбыстар: *ә, е, ө, ү, і.* | | ҚБ: смайликтер арқылы | |
| | **Дәптермен жұмыс**<br>Мұнда мұғалім *з* дыбысының сөздің басында, ортасында, соңында келетінін айтады.<br><br>**Сергіту сәті. «Қуат алу»**<br>Барлығы «Шаттық шеңберіне» тұрып, көздерін жұмады. Бастапқы бастаушы қолды 1 рет қысады, екінші айналымда 2 рет қысады, соңында 3 рет қысады, бұл бастапқы бастаушыға барғанда қанша қуат жібергені бойынша қайта келу керек.<br>**2-жаттығу** жазбаша орындалады.<br> | ***Көркем жазу***<br>Көркем жазуға берілген әріпті талапқа сай әдемі жазады.<br>*З З З З З З З*<br>*з з з з з з з з*<br>«Қуат алу» сергіту сәтін барлығы орындайды.<br><br>**2-жаттығуды** жазбаша орындайды.<br>Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жазады. | | Тақтадағы жазу үлгісі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | – Сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстыр.<br>– Жазған сөздеріңдегі дауысты дыбыстарды ата. Олардың қандай дауысты дыбыс екенін айт.<br>**3-жаттығу**.<br>«Кім жылдам? » ойыны<br>Жаңылтпашты тыңдайды және қайталайды<br><br>**Шығармашылық тапсырма**.<br>Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, көшіріп жазуға өлең шумағы берілген. Тиісті әріптерді қойып, өлеңді көшіріп жазады. | Сөздердің айтылуы мен жазы луын салыстырып, жазған сөздеріңдегі дауысты дыбыстарды атайды. Олардың қандай дауысты дыбыс екенін анықтайды.<br>**3-жаттығу.**<br>Жаңылтпашты тыңдап, жеке-жеке оқиды. Әр сөзде неше жіңішке дауысты дыбыс бар екенін айтады.<br>Жұмыс дәптерінде берілген тапсырманы орындайды.<br>Көп нүктенің орнына берілген әріптерді дұрыс қоя отырып, өлеңді көшіріп жазады.<br>Бала**ның** да тілегі,<br>Да**на**ның да тілегі.<br>Ауыр**ма**сын ешқа**ша**н<br>А**на**лардың жүре**гі**. | | |
| **Соңы** | Постер жасап, оны талдайды. Топ ішінде өз ойларымен бөлісіп, кері байланыс жасау.<br>Топтық жұмыс ұйымдастыру. Әр топқа түрлі бағыттағы тапсырмалар ұсынылады. Тапсырма үлгілері:<br>– Дыбыс дегеніміз не?<br>– Әріп дегеніміз не?<br>– Дауысты дыбыстар;<br>– Дауыссыз дыбыстар.<br><br>**Кері байланыс:** | **Топтық жұмыс**<br> | | Ақ қағаздар, маркер лер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Оқушылар смайликтер арқылы бір-бірін бағалайды.<br> | Сабаққа, бір-бірінің жасаған жұмыстарына кері байланыс береді. Стикерлерге жазып жапсырады. | | |

**НУРЖАНОВА НАЗЫМ АБЫЛГАЛИЙҚЫЗЫ,**
№198 ЖББМ Бастауыш сынып мұғалімі
Алматы қаласы, Түрксіб ауданы

# ЖЫЛ САНАУ

| | | |
|---|---|---|
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты:** | 2.2 Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтар қою және жауап беру. | |
| **Сабақ мақсаттары:** | 3.2.2.1 – қолдануға (практикалық) , бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру. | |
| **Бағалау критерийлері:**<br>**(жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)** | **Барлық оқушылар:** шығарманың тақырыбына байланысты сұрақтар қояды.<br>**Көптеген оқушылар:** негізгі ойды анықтап, жоспар құра алады.<br>**Кейбір оқушылар:** шығарма мазмұнын қолданып, бағалауға арналған сұрақтар қоя алады. | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік дағдылар:** | |
| | **Терминология:** | |
| | **Сөз тіркестері:** | |
| **Құндылықтарды дарыту:** | **Уақытты үнемдеу арқылы мақсатқа жету** | |
| **Пәнаралық байланыстар:** | **Математика. Дүниетану** | |
| **АКТ қолдану дағдылары:** | **Интербелсенді тақта** | |
| **Алдыңғы оқу/Бастапқы білім:** | **Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен** | |
| **Жоспар** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
| **Бастауы** | **Қызығушылықты ояту.**<br>Сыныпты қалыпқа келтіру.<br>**«Балмұздақ таяқшасы» әдісі** арқылы оқушылардың үйде дайындаған сұрақтарына жауап беру.<br>Сұрақ қоя аласың және жауабын білесің. | |
| **Ортасы**<br> | **Ойқозғау.**<br>Үй тапсырмасын орындау керек. Алайда сен ұялы телефоныңды қарап отырып қалдың. Өзіңе қандай зиян келтірдің?<br>Жағдаят арқылы сабақтың тақырыбын ашып алу. Сабақтың тақырыбын айту. Күтілетін нәтижені айқындау.<br>Бағалау критерийімен таныстыру.<br>Мағынаны ажырату.<br>**Түсіну.**<br>Оқылым.<br>**Топтық жұмыс**.<br>І топ. 1-тапсырма. Мәтінді оқы. «Жыл басы» (Ертегі)<br>Тақырыпты болжау.<br>Мақсатқа сәйкес оқушыларға бағалау критерийін шығарту. | |

| | | |
|---|---|---|
| <br><br> | II топ. 2-тапсырма. Жыл он екі айдың қазақша атауларын атайды.<br>III топ. 3-тапсырма. Мәтіннің негізгі ойына сәйкес сай келетін нақыл сөздер ойластырады.<br>IV топ. 4-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, әр жылға сипаттама береді.<br>Сергіту сәті: «333» жаттығуы Жеке жұмыс.<br>5-тапсырма. Суретке ат қой. Сурет бойынша жоспар құрып, әңгіме жазу. Сөздерді толықтырып жазу.<br>Бағалау критерийі:<br>Бағалау. БК бойынша бағаланады.<br>Ойтолғау.<br>Жұптық жұмыс. Жазылым<br>ҚБ ретінде: дәптердегі 1-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.<br>Мүшел дегенді қалай түсінесің? Бір сөйлеммен жауап бер. Мәтінде қандай жануарлар туралы айтылған? Мәтіндегі негізгі ақпаратты тауып жаз.<br>2-тапсырма. Мәтін бойынша бір жеңіл, бір күрделі сұрақ құрастыр.<br>1)<br>2)<br>3-тапсырма. Әр жылдың атауын дұрыс әрі ретімен білесің бе? Жан-жануарлар мен хайуандардың суретін жылдары бойынша нөмірлеп шық.<br> | Жан-жануарлардың суреті<br><br>Интербелсенді тақта<br><br>Сурет<br>Бағалау парағы |
| **Аяқталуы** | **Үй тапсырмасы.** Ертегіні оқып, мазмұнын айту.<br>**Кері байланыс.** Ауызша.<br>**Рефлексия.**<br>Мен бүгін. .. білдім. Мен. .. үйрендім.<br>Менің көңіл күйім қазір қандай? Бүгінгі мақсатымызға жеттік пе? Жетсек, қалай жеттік, не істедік? | |
| | | |



**НАДИРБЕКОВА АҚБОТА,**
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ЖАС НАТУРАЛИСТЕР СТАНЦИЯСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГІ ЖӘНЕ «ЖАС СИСТЕМАТИК» ҮЙІРМЕСІНІҢ ЖЕТЕКШІСІ

# ЖАҢА ЗАМАН ҰСТАЗЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАЛЫПТАСУЫ

Ғылыми-әдістемелік жұмысты басқарудың стратегиялық қызметі тікелей мақсатты-бағдарлықпен байланысты.

Жаңадан келген ұстаздың нағыз шеберге дейінгі жолды өтуі оңай емес. Кәсіпке кірісkеннен бастап өзінің авторлық әдістемелік жүйесін құруға дейін ұстаз қандай кәсіби жетілу кезеңдерінен өтуі қажет? Шеберлік қалай келеді? Кәсіби даму жасымен байланысты ма және қай жаста дағдарыстар мен тоқырау болады? Ұстаздың дамуында басқа факторлардың ішінде, жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейінгі оқулар, әсіресе ғылыми-әдістемелік жұмыстар жүйесі қандай рөл атқарады? Ғылыми-әдістемелік жүйе құрылымында ұстаздардың кәсіби стратегиялық дамуын дұрыс құру үшін басшылардың осы сұрақтардың бәріне жауаптары дайын болу керек.

Кәсіби шеберлік, құзырлық, біліктілік түсініктері

Кәсіби шебердің еңбектегі іс-әрекетін сипаттағанда, әдетте, «құзырлық», «кәсіби шеберлік», «біліктілік» деген ұғымдарды қолданады. Бұл ұғымдарға әркім өзінше мән бере алады. Жетік білушілік, немесе құзырлық кейбіравторлардың пікірінше, кәсіби шеберлікке қарағанда мағынасы жағынан тарлау, себебі кәсіби шеберлік адамның жұмыстағы іс-әрекетін толығымен қамтиды, ал жетік білушілік – оның белгілі аймақтарын қамтиды. Сондықтан, мысалы, тұлғалық, даралық, арнайы компетенттілік жөнінде айтуға болады. Біліктілік «кәсіби шеберлікке» ең жақын ұғым және оны синонимі ретінде қолдануға болады. Бұл ұғымдар қалыптылық мәнде қолданылады (жұмыс жоғары кәсіби шеберлікті немесе нағыз маман болуды талап етеді) немесе нақты адамның іс- әрекетін сипаттау үшін қолданылады (мұғалім жоғары деңгейдегі кәсіби шеберлік иесі немесе жоғары деңгейдегі білікті маман) . Бірінші жағдайда жеке адамға деген оның кәсіби білімі мен білігіне яғни құзырлығына маман екеніне қалыпқа сай кәсіптік талаптар айтылады. Екінші жағдайда – мамандық иесінің осыларды қаншалықты игеруі айтылады.

Кәсібилік деңгейлері

Берілген ұңымдарды пайдалана отырып А. К. Маркова кәсібиліктің бес деңгейін ұсынады:

Кәсібиликке дейін;

Кәсібилік;

Жоғарғы кәсібилік;

Кәсібиліктен соң;

Кәсібилік емес.

1) Кәсібиликке дейінгі үш кезеңді қамтиды:

I – кәсіппен алғаш танысу;

II – кәсіпте бейімделу;

III – өзін –өзі өзектеу: өзі-өзін дара тұлға ретінде сезіну өзі-өзін диагностикалау қабілетінің дамуын, мүмкіндігін және мамандығына өзінің тағайындалуын анықтау. Бірінші деңгейде – кәсібиликті жетілдіру кезеңінде өзінің кәсіби жетілуінің деңгейіне талдау жасауға аса қажет, негізгі кәсіби мәселелерді шешудің жолдарын игеру, өзіндік кәсіби қолтаңбасы мен педагогтық іс-әрекетінің стилін жасап шығару, маман ретіндегі өзінің әлсіз және мықты жақтарын сезіне білу жүзеге асады.

2) Кәсібилік – мамандықты еркін меңгеру, шеберлік, өзіндік әдістемелік жүйесі негізі етіп алынған оқытудың жеке-дара моделін оңтайлауға көмектеседі.

3) Жоғары кәсібилік педагогикалық іс-әрекетті жасап шығарушы, жан-жақты және соңында өзіндік жоба жасауға қабілетті кәсіби шебер, солай болғандықтан, кәсіби өзіндік жетілудің жоғарғы деңгейі боп табылатын әдістемелік жүйе технологияларының авторлық бағдарламаларын жобалауға қабілетті шебер.

4) Кәсіби шеберліктен кейінгі кезең – бұл кәсіби іс-әрекетті аяқтау кезеңі, мұнда педагог кеңесшінің, сарапшының, тәлімгердің қызметін атқарады: дара, авторлық бағдарламаларды, әр түрлі педагогикалық технологияларды, әдістемелік және педагогикалық жүйелерді құрылымдауға басқаларды үйретуші.

5) Бұларды басқа, ерекше топқа еңбек өтіліне байланыссыз, жұмысты өзінің басқа біреудің кәсіби бұрмаланған қалыбымен атқаратын, мамандығына сай емес ұстаздарды атап көрсетеді.

Ұстаздың кәсіби даму үрдісінің ерекшеліктері

Ұстаздың кәсіби даму жолы – өздігінен білім алған, дилетант – ұстаздан өзінің әдістемелік жүйесінің авторы, кәсіби қызметтің субъектісі ретінде нағыз жасампаздыққа дейін біртіндеп, күрделі өрлеу (үнемі тура сызықты болмайды) .

Кемел жаста Мен – нақтылық пен Мен – мұраттылық арасында сәйкес келмеушілік шиеленіседі, осыған байланысты, бұдан ертеректегі кезеңдердегідей, жасқа байланысты қарама- қайшылық қана емес, жасқа байланысты дағдарыс та болуы мүмкін. Әрі, өмірдің орта кезеңінде кереғар нәрселермен қатар, ұстаздың кәсіби жеке тұлғалық өзіндік жетілуі, кәсіптегі дербестік пен даралық та болуы мүмкін, мұның ұстаздық кәсіби тұлғалық өзін-өзі дамыту үрдісінде маңызы зор.

Кәсіби шеберлік, сөзсіз, жай ғана тәжірибемен келмейді ол көптеген басқа нәрселерге тәуелді, олар: ұстаздың дәлелдеуі, дара және жалпы әдістемелік жұмыстың мазмұны, іске деген қызығушылық, жеке қабілеттері мен жеке қасиеттері. Тек ғылыми-әдістемелік жұмыстың құралдарымен әдістемелік оқыту арқылы дилетант- педагогтан жоғары кәсіби шебер жасауға болады деп есептеу дұрыс емес. Дегенмен, ғылыми- әдістемелік жұмыс жүйедегі мақсатты бағытты, оңтайлы ұйымдастырылған әдістемелік оқыту кәсіби шебер ұстаздың қалыптасуына көп көмегін тигізеді.

Ұстаздың кәсіби өзі-өзін дамытуға ынтасын қалыптастыру

Өзі-өзін жетілдіруге оң әсерін тигізетін ынтаның маңызын атап көрсете отырып, Беспалько В. П осындай ынталануды қалыптастыру барлық төрт құрамның өзара әрекетесуін талдау бойынша өзін –өзі тану жетілдіруге ынтасын қалыптастыру үшін қажеттілер: біріншіден, өзі-өзіне барабар баға беруді білу, екіншіден, педагогикалық іс- әрекет туралы қалыпты немесе идаелды түрде ойдың қалыптасуы, үшіншіден, ұстаздың өзінің іс-әрекетін үлгілермен салыстыруы. Беспалько В. П өз жұмыстарында өзі-өзіне диагностика жасаудың өте толық және логикалық құрылымы мен кезеңдерін береді: өзін-өзі байқау, өзін-өзі тексеру, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі түзету – бұлар тұйықталған айналым құрайды.

Кәсіби өзін-өзі дамытуда жеке жоспардың рөлі

Кез келген ұстаздың келесі маңызды іскерлігі – кәсіби өзі-өзін жетілдірудің жеке жоспарын жасауы. Жоспар жазу – бұл шығармашылық жұмыс, бірақ бірден дұрыс болып шығуы, көбінесе, бірлестік жетекшілеріне байланысты болады.

Кәсіби өзіндік білім көтеру жоспарын өз бетінше сапалы жазу, өз мәселелерін жауҫы сезінетін және кәсіби кемелденуге ұмтылатын жетілген ұстаздың ғана қолынан келеді. Сондықтан ұстаздарға өзінің кәсіби шеберліктерін жетілдіру үшін нені пайдалануға болатынын айтып, кеңес беру керек, жекелей өзіндік жоспарлардың оңтайлы нұсқасын таңдап алуға және жасауына көмектесу керек. Жекелей жоспарлардың жасалуы бюрократтық сипат алмай, жалған жасалмауына көңіл аударған жөн. Жетекшінің міндеті – кәсіби даму жоспарларын жасау біртіндеп міндетке айналмай, ішкі қажеттілікке айналуын, жеткен жетістігіне тоқмейілсімей, алға басуына көмектесетіндей болуын қадағалау.

Жеке жоспардың жалпы жоспардан айырмашылығы – онда ұстаздың жеке басының білім алуға деген керексінуі толығынан көрінеді, өз білімін көтеруге және арттыруға көбірек орын беріледі, яғни ұстаз кәсіби дамуда қалыптасқан субъект ретінде көрінеді.

Ұстаздың кәсіби өзін –өзі дамыту үрдісіндегі инновациялық әрекеттердің орны мен маңызы

Қорытынды

Болашақ мектеп – бұл жеке оқушы даралығына және өзі-өзін анықтауда педагогикалық қолдауды қамтамасыз ете алатын, тұлғаға бағдарлы, ұлттық мәдениеттер кіріктірілген, мәдени үйлесімді, иннновациялық, өзін-өзі дамыту мен білім берудің ізгілік технологияларын меңгеруші, технологиялық білім ошағы.

Мектептің осы бейнесіне сәйкес XXI ғасыр мұғаліміне, оның педагогикалық мәдениетіне қойылатын талаптар да өзгереді. Дамушы ұлттық мектептің жаңа үлгісіне өту кезеңінде мектептке, білімге, оқушыға, мәдениетке, шығармашылыққа құндылық қатынас көрсететін кәсіби шебер ұстаздың қажеттілігі ерекше.

Оқу – тәрбие мазмұнымен жұмыс істей алатын, алдыңғы қатарлы технологияны меңгерген, оқушының дамуы үшін қолайлы орта жасай алатын яғни оқушылармен, ата-аналарымен қарым-қатынаста педагогикалық әдептің принциптерінің мәніне шынайы сәйкес ұстаз – Қазақстан Республикасындағы білім беру талаптарын жүзеге асырады.

Бүгінгі мұғалім педагогика-психологиядан білімдерін үнемі толықтырып, оқу-тәрбие үрдісіндегі әдістер мен технологияны жете меңгереді.

«Адам өзінің шығармашылық-өзгерушілік қызметі арқылы адамдармен қарым-қатынас жасайды және жеке ойлау қабілеті зор, жеке тұлға болып қалыптасу үшін көп білу, көп оқу, тоқу керек. Интернеттің жүйесін де меңгеруі тиіс» - деп психологиялық заңдылықтарда айтылғандай ұстаздың ойлау қабілеттері ғылыми түрде қалыптасуы міндетті.

Әдістемелік құралда нормативтиі құжаттарда көрсетілген міндеттерді жүзеге асыратын заман ұстазын қалыптастырудың негізгі методологиялық бағыттары ұсынылды; ұстаздың тұлғалық рөлі, қызметі, кәсіби құзырлығы, ғылыми-әдістемелік жетілуі және педагогикалық кәсіби дамуындағы теориялық негіздер жүйелі мазмұндалады.

Аталған бағыттарды құраушы құрылымдарға түсінік беріледі.

Әдістемелік құралда 24.11.2008 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің on-line режиміндегі кеңейтілген педагогикалық кеңесте «Оқу және тәрбие процесін ұйымдастырудағы ең маңызды компонент- педагогикалық әдеп» тақырыбында айтылған мәселелерді шешу жолдары қарастырылады.

Білімділік деңгейі жоғары, үнемі дамуда, жан дүиесін терең, адамгершілігі мол, әдепті, өзінің кәсіби педагогикалық шеберлігін үздіксіз жетілдіру үстіндегі ұстаздарға сыйластық пен талап қоя отырып, еліміздің

бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші – оқушыларға сапалы білім беруді қамтамасыз ету.

Ұстаздық қасиеттің бірі – оның абырой-беделін шәкіртінің мойындауы, әсерленуі және оған еліктеуінде. Мұндай ұстаздың оқушысы оны ерекше сыйлайды, мақтан тұтады. А. Дистервергтің: « Нашар ұстаз шындықты қайталайды, жақсы ұстаз сол шындықты іздеп табуға үйретеді», - деген пікірі бұған дәлел.

Қазіргі ұстаздың негізгі мақсаты- оқушысын өз деңгейіне жеткізу емес, өзінен озып ілгерілеуіне негіз қалауы керек. , « шәкірт ұстаздан озса игі», - деген халық сөзі осыған орай орынды айтылғандай.

Бауыржан Момышұлының: « Ұстаздық ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді. ..

Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасаң, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» - деп берген бағасына лайықты ұстаз болу үшін осы баяндамамның мазмұнының пайдасы болады деп сенемін.



**АРМИЯБЕК МАДИНА БАХЫТҚЫЗЫ,**
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ Т. РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ЖАС НАТУРАЛИСТЕР СТАНЦИЯСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГІ ЖӘНЕ «ЖАС СИСТЕМАТИК» ҮЙІРМЕСІНІҢ ЖЕТЕКШІСІ

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДОГОГИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ

Жастарға экологиялық білім мен тарбие беру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр. Экологиялық білім берудің мақсаты – жеке адамның бойында табиғатқа деген ізгілік қатынастарды қалыптастыра отырып, «адам», «қоғам», «табиғат» арасындағы толық үйлесімділік рухында тәрбиелеу. Сондықтан қазіргі адамзат алдында тұрған маңызды мәселенің бірі – қоршаған ортаны, туған табиғатты аялап, оны қорғаудың жолдарын шешу. Экологиялық білім беру жеке адамның экологиялық мәдениетін қалыптастырудан басталу керек. Бүгінгі күннің басты мәселесіне айналып отырған экологиялық шиеленісті шешудің бірден-бір жолы қоғам мүшелерін экологиялық сауаттылыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Еліміздегі экологиялық жағдайдың күннен-күнге құлдырауы бәрімізді алаңдатуда. Жалпы экологиялық білім беру мектептің бастауыш сатысынан бастап дұрыс жолға қойылуы керек. Экологиялық білім беруде табиғатты қорғауға тәрбиелеуде біз өзіміздің ұлттық салт-дәстүрімізден, тыныс-тіршілігімізден қол үзбеуіміз қажет. Керісінше жас ұрпақты тәрбиелеуде халықтық педагогика элементтерін үздіксіз және жүйелі түрде жүзеге асырылуы қажет. Қазақ халқының этнопсихологиялық ерекшеліктерін зерттей отырып, қазақ халқының тәрбиелеу жүйесі, ұлттық дәстүрдің айнасы деп айтуға болады.

Бүгінгі экологиялық дағдарыс замамында білім – ағарту жүйесін жақсартудың маңызды жолы – жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беру процесін табиғатты қорғауға бағытталған қазақ халқының – табиғатты қорғау дәстүрлері, оған сену, ырым-тиымдары, жан-жануарлармен өсімдіктер түріне байланысты әдет-ғұрыптары, ауыз әдебиет үлгілерін зерттеу және қолдану. Қазақ халқының тыныс – тіршілігі табиғатпен тікелей байланысты. Ұзақ жылдар бойғы қоршаған ортаға жүргізген бақылауларын, зерттеулерін ата-бабаларымыз бізге осы ырым – тиым сөздері, дәл, нақты айтылған мақал – мәтелдері, сырға толы жұмбақтары, ертегі, аңыз әңгімелері, әндері, жырлары арқылы таныта білді, тәрбиелей білді. Яғни, халықтың күнделікті өмірінде педогогикалық құбылыстар тәлім – тәрбие жатыр. Ата – анаға, аң құсқа, туған жерге, үлкенге құрмет, кішіге ізет, қамқорлық, сүйіспеншілікке тәрбиелеу бар. Яғни, Г. Н. Волковтың, жеке тұлғаның ұлттық қасиеттерінің пайда болуына сол халықтың өмір сүріп отырған табиғатының нақты ерекшеліктері үлкен әсерін тигізеді деген көзқарасымен толық қосылуға болады.

Туған табиғатқа деген сүйіспеншілік, қамқорлық, ұлттық педагогиканың барлық элементтерінен көрініс тапқан. Солардың ішіндегі кейбір салаларына тоқталайық.

Мақал – мәтелдер.

Қазақ халқының мақал – мәтелдерінде туған табиғат, ондағы тіршілік иелеріне деген құрмет ерекше орын алады. Мысалы, «Жер – ана, ел – бала», «Туған елдей ел болмас, туған жердей жер болмас», - деп жерді қасиетті анаға деңеп, оның байлығын қорғауға, құрметтеуге шақырады. Қазақ халқы табиғат жүдеуін жол бермейтін тиым ережелерін қоғамдық сана деңгейіне дейін көтере біледі. Бұл ырым – тиымдар, табиғатты қорғаудың қатал заңдары деп қарастыруға болады, бұл заңдылық бұзылса, халықтың дәстүрі бұзылады.

Ғасырлар бойғы табиғат құбылыстарын бақылаудың өмірлік тәжірибесі, әдет-ғұрыптары мен ырымдарыда көрініс тауып атадан – балаға мұра ретінде беріліп отырады. «Суға түкірме», «Күлді шашпа», «Шөпті жұлма», «Көкті таптама», «Тас кеспе», «Құс ұясын бұзба» т. б. деген сияқты тиым сөздері мен ескертпелері табиғатпен адам арасындағы қарым-қатынасты сақтаудың ережесіндей болды. Халық аузынан шыққан мәтелдер мен мақалдарды ретіне қарай қолдану ұрпақ тәрбиесіне көп көмегін тигізеді. Сондықтан табиғатқа байланысты мақал – мәтелдерді өсімдіктану, жануартану, тәнтану сабақтарына көптеп қолдануға болады. Мысалы, 6 – сынып «Жапырақ» тақырыбында «Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек», «Ана – бәйтерек, бала – жағасындағы бұлақ», т. б. 9 – сыныпта, «Ас қорыту мүшелері» тақырыбында «Ішің ауырса қолыңды тый», «ауру батпандап кіріп, мысқылдап шығады», «ауру астан» т. б. 6-7 сыныптарда өсімдіктердің «Жапырағың жайылсын», «Ағаштай мәуеле бол» - деген мақалдардың мағынасын ашып түсіндіру арқылы бала санасына ұлттық бәрбие талаптарын сіңіре білеміз.

Осы сияқты мақалдарды қолданып сабақтың тәрбиелік мәнін арттыруға, оқушыларды әсемдікке, әдептілікке баулуға болады.

Табиғат құбылыстарын қазақ халқы жұмбақтар арқылы өте шебер көрсете білген. Балалар жұмбаққа өте қызығушылықпен қарайды. Себебі, оның тілі жатық, ойлануға, жауабын табуға итермелейді. Жұмбақтарды халықтың табиғатқа, жан-жануарға деген дүниетанымдық көзқарасы айқын көрінеді. Қазақ халқының жұмбақтары өскелең ұрпаққа экологиялық тәрбие беруде маңызды орын алады.

Жас өрендердің жүрегінде табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін оятып, қатыгездікке апармау үшін есінде қалатын өнеге – өсиет сөздер мен ырым-тиымдар арқылы тәрбиелеу халықтық үрдіс. Мысалы, «Қарлығаш үйге құт әкеледі, оның ұясын бұзба», құсты қастерлеуге, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр? » - атты аңыз – ертегі арқылы құстарға қамқорлық жасауға үйретеді. Мұндай мысалдарды өте көп келтіруге, яғни әрбір өнеге – өсиет, нақыл сөз, ән – жыр, ертегілерден халықтың табиғат анаға деген қамқорлығын, махаббатын көруге болады. Ал құстарға байланысты теңеулердің сан түрін кездестіруге болады, батырларын қыранға, сұлуларын аққауға теңеген. Сондай-ақ үкіні, аққуды, ұларды киелі құс санап, оларды аса қадірлеген. Қазақ халқының ата кәсібі мал шаруашылығы. Мал баға жүріп ата – бабаларымыз табиғат құбылыстарымен үнемі бетпе – бет келіп, сол құбылыстарды бақылай жүріп мыңжылдық тәжірибе жинақтады. Қазақ өмірін малсыз елестету мүмкін емес, малын жанымның садағасы, жаным арымның садағасы – деп білетін халық үшін төрт түліктің орны ерекше. Жылдың төрт мезгілін дұрыс пайдалана білудің өзі жерге деген нағыз қамқорлық емеспе. Жер тозып кетпесін деп жазда жайлауда жайлап, күз күзеуде, қыс қыстауға көшіп – қонып жайылымның шүйгін суы мол болуын, бақылап, қадағалап отырған.

Қазақ халқының тағы бір айналысатын өнері аңшылық, саятшылық. Қыран құстарын баптап, тазысын сайлап аңға шығу сүйікті кәсіптің біріне айналды. Десекте, қазақ обал болады деп буаз малды, көктемде негізінде барлық жан-жануарларды атуға тиым салып отырған. Бұның өзін тәрбиенің нағыз үлгісі деуге болады.

Табиғат – адам тәрбиешісі деп тегін айтылмаса керек. Адам өміріндегі табиғаттың рөлі зор. Табиғаттағы барлық бөлшектер жануарлар дүниесі, өсімдік әлемі, өзен-көлдер мен биік-биік шыңдар адамдардың жүрегіне махаббат, бойына күш-қуат, қиялына қанат бітірер сөзсіз. Бұны біз табиғаттың адамды тәрбиелейтін заңы деп тануымыз қажет. Көшпелі халықтың бүкіл тұрмыс – тіршілігін, тәлім – тәрбиесі, салт – сана, дәстүрі, наным – сенімі табиғатпен тікелей байланысты. Сондықтан осы халықтық табиғат қорғау дәстүрлері ата-бабамыздың табиғатты қорғау заңы деп түсіну керек. Бұл заңдылықты экология ғылымы енді ғана жолға қойылып отырған осы заманнан мыңдаған жылдар бұрын пайда болған табиғат туралы заң десек те болады. Бір кездері ата – бабамыз қалдырған айдын – шалқар көлдеріміз тартылып, мөлдір бұлақтарымыз суалып, әсем табиғатымыз азып-тозуға айналған қазіргі заманда жастарға экологиялық білім беру, экологиялық мәдениетке, білімділікке тәрбиелеу үшін халықтық педагогика элементтерін қолданудың маңызы зор деп білейік.

Адам баласы үшін ең басты байлық жер. Олай болса сол туған жерге салдыр-салақ қарамауға, сұлу табиғатымызды, мөлдір суымызбен таза ауамызды қорғауға, қамқорлық жасауға жас ұрпақты ұлттық рухты тәрбиелеу қажет.

Өз тілін, өз тарихын жетік білетін, өз халқының рухани байлығын, дәсүрін, құрметтейтін, сол халықтан сусындап өскен ұрпақ қана туған өлке табиғатына жанашыр бола алады.

Адамдардың экологиялық заңдарын түсінбегендіктен табиғаттың өмірінен бейхабарлығынан, табиғат қорғау дәстүрлерін сақтамаудан тіршілік бүліне беретіндігі белгілі.

Ендеше экологиялық тәрбиені баршаның бойына, әсіресе жас буындарға сіңіру үшін барлық құрылымдық жүйесінде кешенді жұмыс жүргізу қажет. Экологиялық туралы теледидар, радио, газет – журнал, киножурнал көрсетіліп үгіт – насихат жұмыстары жүргізілуі керек. Білім беру жүйелерін табиғат қорғау бағытында жандандыру қажет.

Оқушылардың экологиялық білім мен мәдениет қалыптастыру күрделі процесс.

Экологиялық тәрбие беруде биология, география, химия, әдебиет т. б. пәндердің алатын орны ерекше. Сан ғасырлар бойы жинақталған халықтың педагогика элементтерін ұтымды пайдалану арқылы жас буынның экологиялық білімін, ұлттық сана-сезімін және пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады.

М. Әлімбаев ағамыз айтқандай «Халықтық педагогика – ғасырлар бойында қалыптасып, қорлана байып келе

жатқан ғылым. Яғни халықтық педагогика дегеніміз – жас буынды тәрбиелеудің құралы деуге болады.
Бүгінгі күнде ұлттық дәстүріміздің, жасөспірімдердің бойына сіңіру, санасына жеткізу мақсатында қай пәннен қай сабақта болса да халықтық педагогика элементтерін қолдауға болады. Табиға қорғау дәстүрлері жас буынға экологиялық білім мен тәрбие берудің қайнар көзі.

**МАХАЕВА АЙЫМ,**
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің магистранты
Ғылыми жетекші: ф. ғ. д, профессор Қ. Ө. Есенова

# ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ МЕДИА КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЛИНГВОМӘДЕНИ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

**АҢДАТПА**
Мақалада концепт ұғымын зерттеген ғалымдардың пікірлері ұсынылып, ұлттық концепт ұғымына мысал болатын тілдік бірліктер жан-жақты талданады. Сонымен қатар, лингвомәдени концептінің жасалу жолдары мен қазіргі медиадағы қолданысы қарастырылады. Интернеттегі мультимедиалық құралдарға қолжетімділік артқан сайын, тілдік қолданыстарды орынды жұмсау мәселесінің өзектілігі артты. Ақпарат кеңістігінде жаңа концептілер пайда болып, оларды қолдану аясы кеңейді. Осыған орай, мақалада лингвомәдени концептілердің мағынасын ашып, олардың бүгінгі баспасөзде, телеарналарда, ақпарат порталдарында репрезентелуіне тоқталып, қателіктерін анықтаймыз. Осы арқылы масс медиа тілінің тазалығын, қоғамға тигізетін оң немесе теріс әсерін сарапталады.

**Тірек сөздер:** концепт, когнитивті лингвистика, әлеуметтік-семантикалық концепт, құндылықтар жүйесі, тілдік сана, медиа кеңістік.

**Кіріспе**

Когнитивті лингвистиканың басты категориясы саналатын "концепт" ұғымы - медиа тілінің де басты құралы саналады. Өйткені, медиада ақпарат қай тілде таратылса, сол тілде сөйлейтін аудиторияның дүнетанымы мен менталды көзқарастары, психологиялық аспектілері ескерілетіні анық. Тіл мәдениеттін тыс пайда болған жоқ және онсыз тіршілігін жалғастыра алмайды. [1, 208] Ю. С. Степанов концептілердің пайда болуына себепші бірден-бір фактор мәдениет деп таныса, Е. С. Кубрякова мен Д. С. Лихачев бастаған ғалымдар «концепт – халықтардың ұзақ жылдар бойы қалыптасқан ұжымдық түсініктерінің, таным-түйсіктерінің жемісі» деп бағалап, оның шығу төркінін этникалық негіздермен байланыстырады. Қалай десек те, кез келген ұлттың тілін концептілерсіз елестету мүмкін емес. [2, 3]
Концептілерді ғалымдар лингвокогнитивтік және лингвомәдени деп жіктегеніне қарамастан, олардың айырмашылықтарынан гөрі, бір-бірін толықтыратын белгілері басым. В. Н. Телия «ұғымдар» мен «концепт» терминінің айырмашылығы бар екенін өз еңбектерінде дәлелдеуге тырысқан. Ғалымның пікірінше, ұғымдар – қоршаған ортаны тану барысында санада қалыптасып отыратын түсініктер болса, концептілер, стереотиптер, эталондар, символдар, мифологемалар - ұлттық тіпті, жалпыадамзаттық мәдениеттің белгілері болып саналады. [3, 96]

**Негізгі бөлім**

Концепт – адамдар санасында ұзақ уақыт бойы қалыптасқан күрделі ұғымдар, түсініктер мен құндылықтарды сипаттайтын лингвистикалық категория. Бұл мақалада қазіргі қазақ медиасында қолданылып жүрген мәдени концептілерге, олардың көпшілік санасында қабылдануына тоқталатын боламыз. **Сонымен лингвомәдени концепт дегеніміз не және ол медиада қалай қолданылып жүр?**
Біріншіден, лингвомәдени концептілерде халықтың рухани, ұлттық коды көрініс береді. Қазақ журналистикасында лингвомәдени концептілерді газет-журнал мен бағдарламаның атауларынан, мақала тақырыптарынан жиі ұшырастыруға болады. Әсіресе, ұлттың ұғымында ерекше символдық мәнге ие концептілер жаңа медиада да қолданылып келеді. **"Адырна"**, **"Қамшы"**, **"Елана"** сынды сайт атаулары мен "Хабар" телеарнасындағы **"Айналайын"**, "Абай TV" телеарнасындағы **"Жәдігер"**, Қазақстан Ұлттық арнасында бизнесті қолдау бағытында ақпарат тарататын **"Ырыстың қазығы"**, бұрын көрермен көзайымына айналған **"Қарекет"**, **"Сөзмерген"** секілді бағдарламалардың атаулары халықтың төл танымынан туындаған концептілер екенін байқай аламыз. Ұлт тарихында елеулі орын алатын "Қазақ" газетінің атауы да кездейсоқ қойылмаған. "Қазақ" - тек ұлттың, белгілі бір этностың атауын білдіретін сөз емес. Оның этникалық, лексикалық мағынасынан бөлек қолданысының өзі ұлт танымында жеке дара концептіге айналып отыр. Мәселен, "Болғанда әкем - қазақ, шешем - қазақ, Мен неге қазақтықтан сақтанамын! " деген Міржақып Дулатұлының өлең жолындағы **"қазақтық"** деген сөз ұлттың мінезін, болмысын, кім екендігін танытып тұр. Осындай орасан зор мағынаға ие ұғымымызды, заманауи медиада өзгеріске ұшыратып алдық. Заман талабына сай "қазақ" деген концепт гибридтеліп **"шалақазақ"** деген жаңа сөз қолданысқа енді. Өз тілін, ділін, мәдениетін білмейтін, білсе де көрсетуге ұялатын ұрпақты заманауи медиада дәл осылай атап жүрміз. Қоғамға

жағымсыз әсер етіп, кереғар пікір туғызатын тағы бір гибрид ұғым деп **"қазақбайшылық"** деген сөзді айтар едім. Қазақбайшылық - ескіден арылмаған, жаңаны мойындамайтын, жаһанданудан оқшау қалған адам бейнесін беру үшін қолданылып келеді. Бүгінде, осы сөзге сүйеніп ұлттық дәстүрлерді, наным-сенімдердің бәрін жоққа шығаруға тырысып жүргендер де бар. Әуелде айтқан "қазақ" деген кең мағыналы концептіміз ұсақтала келе осындай келеке, кемсіту дәрежесіне түсіп отыр.

Екіншіден, лингвомәдени концептілердің бір артықшылығы - оны өзге тілге аударғанда дәл баламасын табу мүмкін емес. Себебі, мұндай сөздердің жасалуы бір халықтың ұлттық бояуы, тарихи даму жолы, менталитеті мен тұрмыс-салтына тікелей байланысты. Мәселен, қазақ тілінде асыққа байланысты "алшы, тәйке, бүге, шіге, омпы, сомпы, сақа, ханталапай" сияқты қанмашама сөздер және сол сөздерден туындаған тілдік қолданыстар бар. Ал, асық сөзін орыс тіліне аударсақ "кость коленного сустава овцы" болып шығады. Демек, қазақ тіліндегі **"алтын асықтай", "асығы алшысынан түсті"** деген тіркестерді де дәл аудару мүмкін емес. Ф. Х. Айтекова өзінің "Концепт как основа языковой картины мира" атты мақаласында әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруға және толықтыруға әр ұлттың әлеуметтік-тарихи даму жолы мен мәдениеті әсер ететінін айтады. Сонымен қатар, әр ұлт өзінің таным көкжиегі арқылы әлемді тілдік тұрғыдан қабылдайды. [4, 6]

Үшіншіден, лингвомәдени концептілер әр заманда жаңа реңкке, жаңа мағынаға ие болуы мүмкін. Ал, оны дұрыс мәнде қолдана алмау, мағынасын бұрмалау бүгінгі ақпарат көздерінде жиі кездеседі. Бүгінгі баспасөз тілі - ертеңгі тарихи дерек көзі, қоғам туралы баға жетпес ақиқат, маңызды айғаққа айналады. Сондықтан, ондағы әрбір сөздің дұрыс мәнде қолданылуына назар аударған дұрыс. М. Сералиннің "Айқап" журналының бірінші номерінде басылған "Газет һәм журнал - халық үшін пайдалы екендігіне бұл заманда шек етуші жоқ. Халықтың қай дәрежеде алға кеткендігі халық арасында таралған газет, журнал һәм кітаптардан білінеді" деген ойы бүгінгі заманауи медиаға да қатысты. [5] Қазір, цифрлық кеңістігінің ұлғаюына орай, заманауи медиа құралдары - маңызды бұқаралық ақпарат көзіне айналып отыр. Заманауи ақпарат құралдарының әлеуметке тигізетін әсері де ауқымдырақ.

**Талдау**

Этномәдени концептілерді баспасөзде тақырып ат ретінде қолдану кең таралған. Қазақ ұғымында ауыл, туған жер ұғымдары аса қастерлі саналады. Сондықтан оны "алтын бесік" деп атап, ардақтап, ерекше құрметпен қараған. "Алтын бесік" тіркесі үлкен символдық мәнге ие концепт. Бесік - сәби дүниеге келген кезде оны қоршаған ортадан қорғайтын, анасының әлдиіне бөлейтін материалдық әрі моральдық мәнге ие құтты мүлік. Ал, "алтын" сөзі қазақта тек пайдалы металл ретінде емес, "құнды, асыл, бағалы, таза" сөздерінің синонимі ретінде қолданылады. Жергілікті телеарналарда "Ауылым - алтын бесігім" атты бағдарламалар, газеттерде туған жер туралы айдарлар және ақпараттық порталдардағы мақалалар осы концептіні сәтті қолданып жүр. Медиада жиі қолданылатын келесі концепт "от" ұғымына байланысты. Қолданысы мен мағынасына қарай ол жағымды да, жағымсыз да мәнге ие бола алады. Айталық, "Отан үшін от кешкендер " атты мақала мен "Ойыннан шыққан от", "Он алтыға толмай от басқан қыздарға не істейміз? " деген мақала атауларына назар аударайық. Барлық тақырыптарда "от" концептісі қолданылғанымен, әрқайсының мағынасы, прагматикасы әр түрлі. Қазақ медиасында, "от басып қалу" сөзі көбіне жоспарланбаған жүктілікке қатысты қолданылып келсе, "от шықты" тіркесі келеңсіз жағдайлар мен дау-дамайларға қатысты қолданылып жүр.

Қазақ медиасы проблемалық мақалалар өткір мәселелерімен ғана емес, ұтқыр тақырыптарымен де ерекшеленеді. Мәселен "Қазақ әдебиеті" газетінде жарияланған Ақерке Асанның "Қайда барсаң Қорқыттың көрі" атты мақаласында әдебиетегі утопиялық, философиялық шығармалар талданған. [6] Сонымен қатар, журналистер үнемі қайталана беретін проблемаларды **"Қорқыттың көрі"** тіркесі арқылы сипаттайды. Мифологиялық негізі бар аталмыш концепт "қашып құтылмайтын, ұдайы кезігіп отыратын" деген сөздердің синониміне айналып кетті.

Әдеби шығармалардың негізінде, ұлт фольклорынан алынған кейіпкерлерді медиада қолдану қазақ журналистикасына жат емес. Мәселен, халыққа қайырымдылық жасаған жомарт жүректі жандарды **"Атымтай жомарт"**, әділ басшыларды "**Аяз би",** алимент төлеуден қашқан әкелерді **"Шық бермес Шығайбай"** деп атау жиі кездеседі.

Бір кездері тұрмыс-тіршілікке қатысты қолданылған сөздер заман өзгерген тұста қолданыстан шығып қалса, кей сөздердің бастапқы мағынасы жойылмай, жаңа мәнге ие болады. Мәселен, ат бағытын басқаруға арналған **"тізгін"** деген зат атауы бүгінгі медиада "билік" сөзімен қатар қолданылады. "Sputnik. kz" сайтында жарияланған "Тоқаев Nur Otan-ның тізгінін қолға ала ма – саясаттанушылар пікірі" атты мақала тақырыбы соған дәлел. [7] Жаугершілік заманда әр аймақты, халықты, руды танытуға арналған жалау және жауынгерлерге белгі беру үшін қолданылған қасиетті нышанды **"байрақ"** деп атаған. Кейіннен бұл сөз мемлекеттік рәмізіміздің бірі - тудың баламасы ретінде қолданысқа енді. Бүгінде спорт комментаторлары, журналистер халықаралық, әлемдік спорт турнирлерін "байрақты бәсеке" деп атап жүр. Демек, "байрақ" сөзі - ұлттық рухтың символына, халықты танытатын қастерлі түсінікке, рухани концептіге айналды деген сөз.

Тұрмыстық деңгейден өсіп, тарихи-әлеуметтік, рухани реңкке, жаңаша мазмұнға ие болған концептінің бірі - **"боздақ"** сөзі. Түйе түлеген кезде жаңадан шығатын селдір жүнді қазақ "боздақ" деп атаған. Бұл сөз "жаңадан шығып келе жатқан өскін" деген мағынада да қолданылады. Елі, жері үшін өмірін құрбан еткен жастарды "боздақтар" деп атаудың бір себебі осыған байланысты. Заманауи медиада "боздақ" майданға қатысып із-түссіз жоғалған, әділдік жолында ажал құшқан жастар мағынасында беріліп жүр.

Концептілерді орынсыз қолдану - тілді ұлттық бояуынан, мән-мағынасынан ажыратады. Қазір Отандық бағдарламалар сөздің тура және номинативті мағынасын ескермей жөнсіз атаулар ойлап табатын болған. Мәселен, қазақта "келін" деген сөз де, "бәйге" деген сөз де ұлттың бояуы бар лингвомәдени концептіге айналған. "Келіндер бәйгесі" атты шоу 31 арнадан ұзақ жылдар бойы көрсетіліп келді. Атауының өзі ерсі бағдарламада қатысушылар бір-бірінің тойына қонақ болып, оның ұйымдастырылу деңгейін бағалайды. Бірақ, ең қызығы бағдарламаға келіндердің де, бәйгенің де еш қатысы жоқ. Бұл қалыңдықтардың той өткізудегі бәсекелестігіне көбірек ұқсайды. Бәйге - жүйрік аттарға мінген шабандоздарды жарыстыратын ұлттық ойынның бір түрі болған. Кейіннен, осы сияқты қызу өтетін жарыстарды "бәйге" деп атау үрдіске айналды. "Білім бәйгесі", "жыр бәйгесі", "спорт бәйгесі" деген тіркестер орынды саналғанымен, "бәйге" сөзін туыстық атаулармен қатар қолдану дұрыс емес. Лингвомәдени концептінің өзге менталдық бірліктерден ең басты айырмасы онда құндылық элементтеріне баса назар аударылады. [8] Демек, "Келіндер бәйгесі" деген атау - ұлттық құндылығымызға қайшы.

**Қорытынды**

Медиа-мәтін - бүгінгі күннің жаңа зерттеу объектісі. Медиа мәтіннің тілі, БАҚ тілі дегеніміз - бұқаралық ақпарат құралдары ұсынатын мәтіндердің барлық жиынтығы. Ақпарат құралдарының әрқайсысына тән лингвостилистикалық қасиеттер мен белгілерді талдай келе "концепт" ұғымына ерекше тоқталдық. Ұлт тіліне тән концептілердің өзгеруін баспа, радио, теледидар, Интернет тілінен жиі кездестіріп жүрміз. . Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі - күн сайын өзгерістерге ұшырап жатқаны айқын. Жаһандық ақпарат дәуірі - қазақ тіліне де түрлі мәдени, саяси, терминологиялық, танымдық ықпалын тигізуде. Осы тұста, қазіргі қазақ медиа кеңістігіндегі тілдік қолданыстарды, жаңашылдықтарды зерттеп, салыстырудың маңызы зор. Осы бағыттағы алғашқы зерттеуді лингвомәдени концептілердің репрезентациясынан бастауымыз тегіннен емес.

Лингвомәдени концептілер - уақыт сынынан өткен, халық санасында берік орнаған, ұлт мәдениетінің тілдегі көрінісі. Халықтың тұрмыс-тіршілігі өзгергенімен, қолданыстан шықпай жаңа заманға бейімделіп отыратын тілдік бірліктер болады. Оларды орынды жұмсап, мағынасына сай қолдану үшін сөздердің түпкі мәнін, шығу себебін зерттеп алған жөн. Әсіресе, БАҚ беттерінде жарияланатын әрбір сөздің қолданысына сақ болуымыз керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Маслова В. А. Лингвокультурология: учеб. пособие для студентов высш. учеб. заведения. – М. : Издательский центр «Академия», 2001. – 208 б.
2. Кубрякова Е. С. Парадигмы научного знания в лингвистике и ее современный статус // Известия РАН СЛЯ. – 1994. –Т.56. – №2.
3. Телия. В. Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультрологические аспекты [Russian phraseology. Semantic, pragmatic and linguocultural aspects]. 1996. стр. 96, 215
4. Айтекова. Ф. Х. Концепт как основа языковой картины мира. - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті "Хабаршы", "Филология ғылымдары" сериясы, № 3, 2012. - 6 б.
5. Х. Бекхожин. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. Қазақ мемлекеттік баспасы, 1964
6. https: //qazaqadebieti. kz/33096/ajda-barsa-da-or-ytty-k-ri
7. https: //sputnik. kz/amp/20220126/Toqaev-Nur-Otan-sayasattanushylar-19222759. html
8. Есенова. Қ. Ө. Вестник КазНУ. Серия филологическая 167 (3) , 137-141, 2018

**Орындаған**: Махаева Айым Алтайқызы,
202-топ магистранты

# ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ «ҚҰЛАГЕР» ПОЭМАСЫНДАҒЫ АҚАН ОБРАЗЫ

Қазақ әдебиетінің бастау қайнарында тұрған құдіретті талант иелерінің барлығына ортақ асыл қасиет – көп қырлылық. Бұл ерекшелікті ақын Ілияс Жансүгіров бойынан да көруге болады. Оның шығармалары ұлттық әдебиеттің класссикалық байлығының қатарына жатады. Ақынның терең ойлы шығармалары оқырманның ойына қанат бітіріп, ерекше сезім сыйлайды. Әр бір жазған шығармасынан қазақтың қанға сінген ұлттық болмысы мен дархан даласын әнге бөлеген өлең-жырларының иісі аңқып тұрады.

Әдебиеттің дара шыңы Мұхтар Әуезов атап көрсеткендей Ілияс Жансүгіровтің ақындық мұраларының ішінде «Дала», «Күйші», «Құлагер» поэмалары қазақ поэмасының екі үлкен тобын аңғартады. Бірі алуан – лирикалық – философиялық, екінші, уақиғалы, сюжетті поэма үлгісі. [1,13]

Қаламгердің шығармаларының көп бөлігі өнер адамдарының өмірімен өнерін дәріптеуге бағытталған. Тек өнерін жазып қана қоймай сол кездегі қазақ даласында орын алған саяси ахуал мен халықтың тыныс тіршілігін оқырманға жеткізу тырысқан. Ұлт өміріндегі ерекше мәнді оқиғаларға терең назар аударып, халқымыздың ұлы перзенттерінің ғұмырынан шығарма жазуды биік мақсат, өр нысана ету – Ілияс Жансүгіров талантының асыл нәрі, алтын өзегі. Ол тарихи зор әрекеттерді ойшыл, зерттеуші көзімен дәл танып, көркем бейнелеуді армандаған қаламгер.

Ілияс Жансүгіровтің жазушылық кемелденунің сапалы бір белгісі қазақ халқының өмірін, өткен оқиғаларды бейнелегенде даму, өзгеріс процестеріне тарихи тұрғыдан қарап, әлеуметтік-қоғамдық проблемаларды жеке адамдардың тағдыры, нақты, реалистік көркем тұлғалар арқылы бейнелеуінен көрінеді. Осындай туындының бірі «Құлагер» (1936) поэмасының көркемдік құрылысында құнарлы өзгешеліктер, тынбай ізденген өрен жүйрік суреткер тапқан тамаша жаңалықтар, эстетикалық игіліктер бар [2,233].

Қырдағы қара сойыл бақандаған,
Қалада қала жүйрік қаһарланған.
Тұсында пері болсын, сері болсын,
Ұнайды өмірімен Ақан маған,

Лермонтов болмағанмен біздің Ақан,
Кісі ма ед ақындықтан құр алақан?
Ортасын олқы көрген бұл да дара,
Имеген иттерге бас сері, дархан.

Тегінде тегін бе екен Ақан сері,
Бұл да бір емес пе екен елдің ері?
Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,
Ел тегі алсын қайдан кеменгерді?

Лақабы – әлде әулие, әлде пері,
Арқаның атақтысы Ақан сері.
Көкшеде сұлу сүйіп, өлең айтқан,
**Задание:** напишите подробное изложение текста от 3-го лица, опираясь на схему «Паучок».

Представленная система вопросов и заданий способствуют формированию основных навыков работы с текстом, пробуждает интерес к чтению, развивает аналитическое и критическое мышление и позволяет оценить читательскую грамотность учащихся: их умение находить информацию, понимать и интерпретировать прочитанное, выражать свое мнение.

Таким образом, оценивание читательской грамотности является компонентом общей стратегии обучения чтению и работы с текстом. Для обеспечения эффективности оценивания рекомендуется разрабатывать систему заданий и вопросов по тексту, которая, позволит, во-первых, учащимся реализовать цели обучения, во-вторых, определить, какой навык читательской грамотности сформирован и формирование какого навыка вызывает затруднения, выявить причины.



**ҚАНАПИЯНОВА ЖАДЫРА ШАДЕНҚЫЗЫ,**
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША «№13 ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

# МЕКТЕП ТУРИЗМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пәннің және көріністің дамуы ескі мен жаңаның қарама-қайшылығымен күресіп келеді, және барлығымызда қай жағында болмасақ та сол күрестің қатысушысымыз. Мектептегі туризмнің дамуына ықпал ету үшін бұл бағытта пайда болып отырған қарама-қайшылықтарды саралап, нақты ненің кедергі болып отырғанын анықтап, қарсыластары кімдер, олардың қандай қасиеттері мен ерекшеліктері бар екенін анықтау қажет. Нағыз саяхатқа шыққан туристтер алдарында кездесетін барлық кедергілерден сүрінбей өту үшін сапарды қалай жетік жоспарласа, бізде бұл жолда кездесетін кедергілерді білуіміз керек. Біздің зерттеу пәніміз ретінде қарастырып отырған мектеп туризімінің дамуына кері әсерін тигізіп отырған барлық кедергілерді ішкі кедергілер, яғни мектептің өз ішіндегі жасырын кедергілер және сыртқы, яғни мектептен тыс болып отырған кедергілер деп бөлуге болады. Сонымен қатар мектеп туризімі пәнінің қасиеттеріменде түсіндірілетін себептер бар. Өмірде барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Себептерді класстарға жіктей отырып олардың өзара бір–бірімен тығыз байланыста екенін естен шығармау қажет. Сонымен қатар барлығының уақытпенде тығыз байланыста екенің естен шығармау керек: кеше болған жағдайлар бүгін де ертен де пәннің ішкі және сыртқы жағдайларына әсерін тигізеді.

Мектеп туризмі пәнінің дамуына өткен уақыттан қазірге дейін әсерін тигізіп келе жатқан себептерді саралап көрейік.

Әрбір мектеп белгісіз бір аймақта өмір сүреді және әрекет етеді: ондағы бардың барлығы ортақ мемлекеттік деген ұғымен түсіндіріледі, жалпының жекеге көрінісі байқалады. Бірақ әрбір мектептің өзіндік қиындықтары, жағдайдың өзгешелігі бар.

Мектептің ішкі ахуалына үңіліп, туризмнің дамуына қандай кедергілер барын қарастырып көрейік.

Мектеп басшылығының – диретордың, еңбек ұжымының кеңесінің, оқу ісінің меңгерушісінің және т. б. мектеп туризімінің дамуына деген көзқарасы басты рөл атқарады.

Барлық мектептерде кездесетін туризімінің дамуына кері әсерін тигізетін қарсы факторлардың бірі, мектепегі материалдық базаның нөлдік деңгейде болуы.

Оқушылардың ата-аналарының көзқарасыда маңызды. Көп жағдайларда аталарымен әжелері мектеп туризімінің басты қарсыластары. Бірақ туризмнің дамуының басты кедергісі мұғалім болып табылады.

Мұнда туризмнің дамуына кедергі келтіретін 5 түрлі факторды қарастыруға болады. Олар:

1) мұғалімнің туристтік сауатсыздығы
2) отбасы қамының ауыртпалығы
3) саяхаттардағы физикалық тұрғыдағы қабілетсіздік
4) материалдық қиындықтар
5) туризмді идеялық-педагогикалық қабылдамау.

Әр қайсысына жеке тоқталып көрейік.

1. Мектептегі мұғалім-турист - өте сирек кездесетін жағдай. Ия, ол
қайдан пайда болсын? Университетте, колледждерде туризмді оқытпайды, ал дене-тәрбиесінің мұғалімдерін толық жетілдірілмеген бағдарламалармен даярлайды.
Дайындықсыздық, мұғалімнің туристтік сауатсыздығы, оның саяхатты
жоспарлай алмауы, жүргізе алмауы – мектептегі жұмыстың осы формасының дамымауының басты себептерінің бірі. Мұғалім сахаттардан профессионалдық қорқақтығынан тартынбайды, ол бұл жағдайда «өзіңе тән емес іспен шұғылданба» қағидасын ұстанады.

Қандай мұғалім шатырды қалай құруды, далада отты қалай жағуды, арқан көпірден жолдорбамен өтуді көрсете алады? Ал қандай орыс тілінің немесе шет ел тілінің мұғалімі, химия немесе математика пәнінің мұғалімі балаларға топографиялық картаны қалай оқуды, магниттік тартылысты ескеруді немесе орманнан азимуттық қозғалыстың дұрыс бағытын анықтап бере алады? Барлық география пәнінің мұғалімдері де балалармен пайдалы да қауіпсіз саяхаттау үшін бұл ақпараттарды нақты және толық анықтай алмайды.

Мұғалімнің туристтік сауатсыздығы, балалар алдында абройынан айырылуға деген қорқынышы – айтарлықтай салмақты кедергі болып табылады, бірақ

сонымен қатар айтарлықтай қауіпсіз және оңай жеңуге болатын қорқыныш. Бірақ әкімшіліктің дайындықсыз барлығын туристтік саяхатқа жұмылдыруы осы қауіппен сабақтас болмақ. Мұндай жағдайда баларлар туристік саяхаттан кері әсер алады, себебі тәжірибесіз, сауатсыз мұғаліммен болған саяхат сәтсіз, шексіз шектеулерге толы болуы, саяхаттың қауіпті болуы оқушыларды жалықтырады, келесіде саяхаттан бас тартуына себеп болады. Оқушылар мұғалімнің біліксіздігін бірден байқайды және оларға ол мұғліммен бірге жеңіл саяхатқа шығу қызықсыз болады.

2. Мұғалімдердің отбасы қамына керекті уақытында ескеру керек, себебі, біріншіден, мұғалімдердің көбі отбасының берекесі үшін жауапты әйел адамдар. Екіншіден, туристік саяхат уақыты мұалімнің демалыс уақытына сай келетін қалыпты жұмыс уақытынан ауытқиды. Туризмнің заңы солай. Әрине, егер төменгі сыныптар сай туризм түрлерін қарастыратын болсақ (жылына 2-3 рет) , онда оны ешбір қауіпсіз күзгі және көктемгі демалыс кездерінде ұйымдастыруға болады. Еліміздің оңтүстік аймақтарында шатыр құрып, саяхатты түнімен жалғастыруды ұйымдастыруға болады, бірақ солтүстік аймақтарда бұл әрине қиынырақ болмақ. Алайда, егер мұғалім саяхатты жүйелі түрде ұйымдастыруды жоспарласа, мұндай жағдай оның демалыс уақыттарын қолдануына әкеледі.

Мұғалімнің жұмыстан бос уақыты да, барлығымыз білеміз керекті уақыт. Кейбіреулердің отбасында үйін бір күнге немесе кейде тіпті екі күнге тастап кетуге мүмкіндік бермейтін жағдайлар болады. Мұндай жағдайда ешқандайда өтемақылар көмектесе алмайды, себебі ол адам үйіндегі қарт адамды немесе жас баланы қараусыз тастап кете алмайды. Алайда демалыс күндері үйін тастап кете алатын мұғалімдердің өзінде отбасылық ұрыс-керіс туындап, отбасылық қарым-қатынастың бұзылуына әкелуі мүмкін.

Жалпы туризімнің ерекшелігі ретінде оның басқа мектептен тыс тәрбиелеу істерінен қарағанда оқытушыдан көп уақытты талап ететіндігін ескеру керек (алайда сәйкесінше нәтижесі де айтарлықтай жақсы) . Сынып сағатын, топ жиналысын, қандайда бір мейрамдарға арналған тәрбие сағаттарын немесе мерекелік іс-шараларды өткізуге қанша уақыт керек? Бір? Екі? Үш? Бес сағат болсын. Ал бір күндік саяхаттың өзі 8-10 сағатқа созылады. Оған дайындалудың өзі шамамен тағы сондай уақыт алады. Бұл уақыттың 50% мұғлімнің жеке уақытын алуы, туризімнің уақытты осынша көп талап етуі оның дамуына айтарлықтай кері әсерін тигізеді.

Мұғалімнің туризімсіз ештене істемейтінін, бос отыр деп, тегін ақша алады деп ешкім дәлелдеп жатпайды. Оның туризімсізде атқаратын істері жеткілікті. Мұғалімдердің жұмыстарының ауыр екендігі, қиын екендігі бұрынан белгілі.

Бұл жағдайда мұғалімнің жұмысын жеңілдету үшін оқу күндері кезінде немесе жалпы бүкіл мектептік саяхат күндерін ұйымдастыру тиімді. Сонымен қатар мұндай шараларды ұйымдастыру арқылы саяхат шеңберінде әртүрлі экскурсиялар өткізу де тиімді.

3. Жас, денсаулық және жүктілік деген сияқты заңды факторларға аса көңіл аудару қажет емес, себебі бұлардың барлығы туризімнің дамуына кері әсерін тигізіп келеді, және солай бола береді. Осы жағдайдың барлығында оған оның сыныбымен саяхат өткізетін оны ауыстыра алатын адам іздеу керек.

Басты мәселе басқада – жалпы мұғалімдердің физикалық дене тәрбиесінің төмен деңгейде болуы, соның ішінде жастардың деңгейінің төмендігі. Қазіргі жас мұғалімдердің мектепте және жоғарғы оқу орындарында алған физикалық дене тәрбиесінің деңгейі өте төмен. Туристік саяхаттар өткізуге және балалардың саяхатқа деген ұмтылысын төмендетін осындай себептер. Туристік саяхаттарды экскурсиялық саяхаттарға алмастыруда осы себептерге байланысты.

Кейбір жағдайларда саяхат ауыртпалықтарына шыдай алмаған мұғалімдер саяхаттаушылардың ең әлсіз мүшесі ретінде танылады. Бұл жағдай саяхат кезіндегі балалардың физикалық белсенділігін қанағаттандыра алмайды, керекті жерге жету үшін мұғалімнің балаларды жолда кездескен көліктерге отырғызуы, нәтижесінде балаларға қажетті спорттық норматив орындалмайды. Кейбір оқытушылар өзінің жолдорбасын көтере алмай шаршап балалардан қалып қояды, оның нәтижесі балаларды қараусыз қалуға әкелетінді.

4. Осыған дейін айтқанымыздай туристік саяхат мұғалімнің уақытын ғана алып қоймай, оның материалдық жағдайына да өз әсерін тигізеді. Бұның барлығы елдегі мектептердің материалдық деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Мектеп кеңесінде туристік саяхаттарды ұйымдастыратын мұғалімдердің материалдық жағдайын қарастыра отырып, біріншіден саяхат керек-жарақтарын – аяқ киімдермен, арнайы киіммен, жолдорбалармен, төсек-жабдық қабымен және т. б. қамтамасыз ету керек. Мұғалім-саяхатшы өзінің айналасындағылармен оқушылары алдында ыңғайсыз жағдайда қалмас үшін және сапар барысында қолайсыздықтар туындамас үшін толықтай және өте жақсы дайындықта болу қажет. Туристік жұмыстарға көп күш жұмсайтын оқытушыларға сыйақы ретіндегі көмек түрлерінде қарастырған жөн.

Саяхаттағы мұғалім жұмысының мінездемесі қандай? Мүмкін бұл кейбіреулер ойлайтындай қазына есебіндегі бірегей демалыс болар? Жалақысы жүріп жатыр, бірақ оқытушы тау-тасты кезіп, суға шомылып, күнге қыздырылып, саңырауқұлақ жинап жүр дегендей.

Егер расымен солай болған жағдайда мектептерде туризім баяғыда дамып кетер еді. Бірақ саяхаттағы мұғалімнің жұмысы жеңіл емес. Мұнда демалыс күндер деген болмайды, жұмыс уақыты қалыпты емес, саяхатағы өмір мұғалімнің күні бойғы педагогиканы талап етеді. Экскурсиялық саяхатқа қарағанда туризім кезінде мұғалім саналық тұрғыдада физикалық тұрғыдада қызмет атқарады: жаяу ауыр жолдорбаларымен ондаған, жүздеген шақырымдарды жүріп өтеді, ағаштарды кесіп жол ашады, ал кешкісін ас-су шығындарын тіркеп, алдағы күннің жол бағдарының жоспарын жасайды. Ал таң атысымен барлығынан бұрын ерте тұрып кезекшілерді ояту керек.

Сонымен қатар саяхат кезінде мұғалімінің қасында дәрігерде, аспазшы да, есепші де болмайды, барлығының міндеті осы бір кісінің мойнына

жүктеледі. Ал жалақысы болса біреу – орташа айлық көрсеткіш. Оқушылармен бірге орманға, тауға, алыс жолдарға шықпай үйде қалған барлық мұғалімдердің жалақысындай.

Қысқасы, қалың орманда, биік тауда мұғалімді қорқыта алмайды, ол жерлерде тек бір рет болып қайтса болғаны. Мұндай қысылшаң саяхатта баларды қадағалауда оған қорқыныш тудырмайды. Барлығын былай қойғанда саяхатқа шықпастан бұрын мұғалімнің туризімге қарсылығын туыдыратын жағдайлар болады, олар директордан рұқсат алу, білім беру бөлімімен ақылдасу, есепшілер бөлімі, банкке бару, керек-жарақ тауарларды алу, темір жол кассасына бару және т. б. Осыдан кейін саяхаттан қайтқан соң осы өткен жерлердің бәріне есеп берудің өзі мұғалімнің саяхаттан бас тартуға итермелейді. Осындай жағдайлардан кейін мұғалім өзіне «Маған мұнын бәрі неге керек? Мен мұғаліммін ғой, оқушыларлы тәрбиелеп, жақсы білім берсем болды » деген ойға келеді. Ия, оның жұмысының шарттары да оңай емес.

Балалармен саяхатта бірге жұмыс істеудің мұғалімге қандай шығындар әкелетінін, жұмысының жалақысының әділетті емес екені жайында айтқанбыз. Қазір біз тек балалармен саяхатқа шығудың қандай көп еңбекті және жауапкершілікті талап ететіндігін ғана айтып отырмыз. Және осы факторлардың барлығын шешілу жолын жеңілдетіп, мектеп мұғалімдерінің туризімге деген көзқарасын өзгерту.

5. Қазір мұғалімдер арасындағы мектеп туризіміне деген интелегенттік көзқарасы өзгергенмен, жоспарлы-педагогикалық көзқарас әлі сақталуда.

Басқа мектептерде туризімді ұйымдастырушы мұлімнің бас тартуын көреді, ол «Экскурсия болса болады, бірақ ауыр сөмке көтеріп, шаң жұтып жолға шыға алмаймын, мен дене шынықтыру пәнінің мұғалімі емеспін ғой» деп өз ренішін жеткізеді.

Және бұлай жасы келген үлкен ұстаз емес жас мұғалімдер де айтуы мүмкін. Көптеген адамдар туризімді экскурсия ретінде қабылдап, одан көп пайдалы әсер ала аламын, көп нәрсе білуге болады деп ойласа, ал саяхатты тек дене шынықтыру ретінде қабылдайды.

Дене шынықтыру пәніне деген көзқарас аз мағналы нәрседей қалыптасқан. Оның дәрежесін қанша көтерейік деседе ол маңызсыз пән болып қала беруде.

Баланың жеке қасиеттерін дамыту керек, өмір сүруге бейімдеу керек дейтіндерде сабақтан алатын біліміде жетеді деген ой қалыптасқан.

Кейбір кездері мектеп әкімшілігінің туризімді енгізу мәселесін қозғаған кездері мұғалімдермен әкімшілер арасында немесе мұғалімдердің кейбір топтары арасында келісіпеушіліктер болып жатады. Бұл мәселенің шешімі жетекші топтың қандай айқындаманы ұстанғанына байланысты болмақ.

Қорыта айтқанда ұстаздың міндеті балаларды оқыту ғана емес, сонымен қатар тәрбиелеу де болып табылады. Мұғалімнің басты мақсаты оқушылармен бірлесе араласқан жылдарда, жаңа заман жағдайына сай әрбір ұл бала мен қыз баланың жеке тұлға ретінде, жұмысқа және өмірге әлеуметтік жағынан дайын болуына барлық мүмкіндікті жасау. Осы жұмыстарды жүргізген уақыттарда, мұғалімнің ең басты көмекшісі болып туризм табылады. Туризм тәрбиелік жұмыстарға үлкен мүмкіндіктер береді. Бірақ ондай жұмыстардың қаншалықты мөлшерде жүзеге асуы туристік жорықтардың жетекші ұстазына байланысты. Сіз сонда көптеген кедергілерден өте аласыз. Осыншама көп мәселеге қарамастан қаншама мұғалімдер балаларды саяхатқа апарады, көптеген мектеп директорлары туризм балаларды тәрбиелеудің ең тиімді жолы деп есептейді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «Сынып жетекшісі» 2002. №3
2. «Мектеп тәрбие жұмысы» авторы В. М. Коротов, М. И. Кондакова «Мектеп» баспасы Алматы 1978.
3. «Класс жетекшісі» авторы Н. И. Болдырев «Мектеп» баспасы Алматы 1980.
4. «Педагогика школьного туризма» авторы Ю. С. Константинов, В. М. Куликов. 2006.

**ШЛАЙ ГАУХАР,**
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Катонқарағай ауданы бойынша білім бөлімінің "Көктерек орта мектебі" КММ география пәні мұғалімі

# ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

География ғылымдарының жетістіктері мен қоршаған ортада болып жатқан өзгерістерді ескере келе мектепке беріліп отырған әлеуметтік тапсырыс жас ұрпақтың географиялық сауаттылығы мен географиялық мәдениетін көтеру болып табылады. Жаңа білім игеру мақсатында оқушының өз бетімен жасаған жұмыстарына үнемі көңіл бөліп, ұйымдастырып отырамын. География пәнінің ерекшелігі сарамандық жұмыстар мен өзіндік жұмыстар әрқашан бірін-бірі толықтырып отырады. Оқушының өз бетінше орындалуына берілетін әрбір тапсырма олардың күші келетіндей, түсінікті, көлемі жағынан бағдарламаға сай, мазмұны оқушыларды қызықтыратындай әр түрлі болуын қадағалаймын. Өз бетімен жұмыс істеу оқушыларды тиянықтылыққа, төзімділікке, бастаған ісін жемісті аяқтауға тәрбиелесе, ал мен үшін оқушы еңбегін бағалайтын ең жақсы көрсеткіштің бірі. Мысалы, оқушылардың өз бетімен жүргізілетін жұмыстарының бірнеше түрлерін сабақ барысында әр кезеңінде ұйымдастырамын. Олар мыналар:

1. Оқулықпен жұмыс істеу— әсіресе жоғарғы сынып оқушыларымен жүргізілетін негізгі жұмыс түрі. Оқушылар статистикалық материалдарды, кесте, сызба-нұсқаларды талдау арқылы оқулықтағы білімдерін кеңейтіп, негізгі білімдерін жүйелейді. (көбіне бұл жұмысты жаңа сабақты түсіндіру кезеңінде пайдаланған тиімді. )

2. Атласпен, картамен жұмыс істеу: география пәнінде атласпен, картамен жұмыс барлық сыныптарда жүйелі жүргізілуі тиіс. Географиялық нысандарды ажырату, олардың ерекшеліктерін, жату бағыттарын, орналасуын тек карта арқылы түсіндіруге болады. Сондай-ақ өнеркәсіп орталықтарын, олардың мамандану салаларын карта арқылы білуге болады. Сондықтан да бұл жұмысты да жүйеге келтіру керек деп есептеймін. Атласпен, картамен жұмыс жасай алмайтын оқушы география пәнін меңгермеген оқушы деп санаймын.

3. Кескін картамен жұмыс: бұл жұмысты 6-шы сыныптанбастап үйрете беру керек. Себебі 7сыныптағы материктер картасын кескін картаға салу кезінде оқушылар қатты қиналады. Ал бастапқы курсты оқу барысында оқушыларға түрлі-түсті бояу арқылы жер бедерінің азғантай бөліктерін салғыза отырып, олардың биіктіктерді ажырату, ойпаттардың, қырат-үстірттердің, таулардың бояуларын қалыптастыру дағдыларын дамытуға болады. Сондай-ақ өзен- көлдерді картаға түсіру дағдылары дамиды.

4. Географиялық есептер шығару, жаттығулар орындау: геогафияның бастапқы курсында географиялық есептер шығару арқылы оқушылардың қисынды ойлау дағдыларын дамытып, пәнаралық байланысты қалыптастыруға мүмкіндік болады. Мысалы, қысым мен температура арасындағы байланысқа арналған есептер, географиялық градус торы арқылы жер бетіндегі қашықтықты анықтауға арналған есептер құрастыруға болады. т. с. с.

5 Географиялық сөздік, анықтамалық материалдармен жұмыс. Оқулықтардың соңында географиялық терминдер мен ұғымдардың түсіндірме сөздігімен жұмыс жүргізіп отыру керек. Сондай-ақ онда кездеспейтін ұғымдарды күнделікті жұмыс дәптерлерінің соңындағы бірнеше бетке жазып отыруды тапсырып отыру керек. Бұл жұмыстың жүйелі жүргізілуін қадағалап отыру қажет, себебі ол- оқушылардың есте сақтау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

6. Кестелерді толтыру. Кесте толтыру арқылы оқушылардың салыстыру, нақтылау, ойлау қабілеттері дамытады.

7. График, профиль, диаграммалр сызу: 6-шы сыныптан бастап температура графигін салу, бағандық диаграмма арқылы жылдық жауын-шашынның айлар бойынша таралуын сыздырту- оқушыларды төзімділікке, ыждаһаттылыққа тәрбиелейді. Сондай-ақ 9- шы сыныпта статистикалық материалдарды пайдалана отырып, шеңберлік диаграмма сызу арқылы білім, білік дағдыларын дамытуға мүмкіндік болады.

8. Қосымша әдебиетпен жұмыс. Қосымша әдебиеттердің ішінде саяхатшылардың өмір –тарихы, зерттеулері, қызықты әңгімелер оқу арқылы оқушылардың жан-жақты дамуына, дүниетанымының артуына мүмкіндік туындайды.

РЕКЛАМА

9. Табиғатқа бақылау. (топсеруендегі бақылаулар мен ауа райына күнделікті бақылау жүргізу)

10. Карта-сызба нұсқауларды қарау.

11. Әңгіме құра білу

Күнделікті сабақтарда әсіресе 5- 7 сынып оқушыларымен деңгейлік тапсырмалар беру арқылы саралап оқыту технологиясын пайдаланған өте тиімді. Себебі бұл сынып оқушыларының жас ерекшелігіндегі психологиялық жағдайларын пайдаланып, олардың бір-біріне деген қызығушылығын, еліктеу қасиеттерін ескере отырып дамытуға мүмкіндік туындайды. Сабақты дәстүрлі емес сабақ ретінде, яғни саяхат сабақ ретінде өткіздім. Сабақ үш аялдамадан тұрады. Олар «Білемін» «Білгім келеді» «Білдім».

«Білемін» аялдамасында әр топқа деңгейлік тапсырма беріледі.

Мысалы, мынадай:

III топқа 1) Өзен деген не? Арна, саға, сала, бастау.

II топқа: Көл — қазаншұңқырына қарай қалай бөлінеді? Ағынды, ағынсыз көл деген не?

I топқа: Жер асты сулары, түрлері қандай? Мұздықтар пайда болуына қарай қалай бөлінеді?

Бұл аялдамада оқушылардың 6-шы сыныпта алған білімдерін еске түсіреміз де енді деңгейлік т апсырманы күрделендіре түсеміз.
III топқа: өзен жүйесі, өзен алабы, өзеннің қоректенуі деген не? Бұл топ оқушыларына үлестірмелі дидактикалық материал бірге келеді.
II топқа: Ең ірі тау мұздығы қалай аталады?
I топқа: Жер асты суының деңгейіне не әсер етеді? Батпақтардың пайда болу себебі неде?
Осы сұрақтарға жауап алсақ 2-ші аялдамаға жетеміз.
«Білгім келеді» аялдамасында жаңа тақырып бойынша тапсырмалар беріледі.
∟ деңгейде: III- ші топқа картадан (оқулық картасы) өзен алаптарын тауып, өзендерді көрсету тапсырылады.
II- топқа: осы өзендерді қабырғада ілулі тұрған картадан көрсету тапсырылады.
I- топқа: климаттық белдеулердің өзен режиміне қандай әсері барын анықтау тапсырылады. Сонымен қатар диаграмма бойынша өзен режімін айлар бойынша өзгерісін анықтау тапсырылады.
∟ деңгейде:
III- топқа: Арасан деген не? Оның маңызы қандай деген сұрақтар беріледі.
II- топқа: Каспий, Байкал, Арал, Балқаш, Онега, Ладога көлдері туралы
не білесіңдер? (оқулықпен жұмыс)
I-топқа: 87 беттен (өтіп кеткен тақырып мұз басу, көп жылдық тоң қабаты) (Кола түбегі, Таймыр түбегінде 1500 метр оның 40-150 см беті ғана жазда ериді)
Батпақтар қайда орналасқан? (Полесье, Мещера, Батыс Сібір т. б. ) пайда болу себебі не деп ойлайсыңдар?
3 — деңгейде: (шығармашылық)
III-топқа: «Өзен» сөзіне сөзжұмбақ жасау тапсырылады.
II-топқа: Анықтамалық материалдардан кейбір өзен-көл аттарының аталу себебін анықтау, (Каспий- тайпа аты, Балқаш- монгол тілінен «батпақты» т. б. ) экологиялық жағдайын сипаттау.
«Білдім» аялдамасында барлық топтар бірлесе отырып тест тапсырмасын орындайды. Мұғалім қорытынды жасайды. Үйге тапсырма беріліп, әрбір топ оқушылары жеке бағаланады.
География пәнінің өзіндік ерекшелігіне байланысты мен өз тәжірибемде сөз әдісін, номенклатуралық білім беруде сұрақ –жауап әдісін, тестік жүйенің әр түрін қолданамын. Оқушылармен қабілетіне қарай жеке жұмысты қайталату арқылы, білім негіздеріне қарай карточка жасап келіп сұрау арқылы, кескін картамен жұмыс істету арқылы және тестік тапсырмалар арқылы жүзеге асырып отырдым. Ал оқушылармен оқу- білім беру жұмыстарын ұйымдастырғанда оқытудың жеке, ұжымдық түрлерін көбірек пайдаланамын. Жоғарғы сыныптарда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдауға негізделген Web-технологияны көбірек пайдаланамын. Соның нәтижесінде оқушылардың іздену, зерттеу қабілеттері дамиды. Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынадай үш құрылымнан тұрады.
Қызығушылығын ояту
Мағынаны тану
Ой толғаныс
Оқушының дербес ойлауын дамыту үшін география сабағындағы бұл технологияның тиімділігі бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Ал соңғы кезеңде оқушы өз шығармашылығынан қабілетін таныта алады. Мұнда оқушыға ойланып толғануға уақыт берілуі керек, ойын айтуға оқушы шығармашылығын қалыптастыратынын атап өту керек. «Қызығушылығын ояту» кезеңінде алдыңғы өткен тақырыпты тексеру мақсатында тест жұмыстарын өткізу арқылы оқушы білім деңгейін қадағалап, жаңа сабақты бастар алдында «Топтастыру» стратегиясы арқылы оқушылармен бірлесе жұмыс жасауға болады. Сабақтың қай құрылымында болмасын осындай стратегияларды қолданғанда «Мен не үйретемін? », және «Оқушы үйреніп шығады? деген сұрақтарды есінен шығармауы керек. «Мағынаны тану» кезеңінде оқушыларды топқа бөлу арқылы сұрақтар дайындап оны «Куббизм» стратегиясы арқылы жүзеге асыруға болады. Сұрақтар үш деңгейде әзірленеді. Дайындаған сұрақтарға оқушылар өз ойларын білдіріп жауап береді. Бұл технологияның келесі бір кезеңі – ой толғаныс. Мұнда «Венн» диаграммасын қолдану арқылы тақырыптардың ұқсастығымен мен айырмашылығын көрсетуге болады. Осы кезеңде пікір - сайыс немесе «5 минуттық эссе» жаздыруға болады. Мұндағы мақсат оқушылардың өзіндік көзқарасын қалыптастыру. Эссе жазғанда сабаққа қабілеті төмен деген оқушылардың 5 - 6 сөйлемнен тұратын ойын жазса, соның өзі оқушыны сабаққа тарта білгеніміз.
Білім беру мазмұнын жаңарту, оқыту әдістерін жетілдіру оқушылар мен мұғалімдердің өзара қарым - қатынасын жоғары деңгейде ұйымдастыру секілді міндеттердің қай - қайсысы да әрекетсіз іске аспайды.
Оқу - адамның саналы өміріндегі басты әрекет. Оқу әрекеті мұғалімнің басшылығы арқылы оқушының сана - сезімін дамытуға бағытталады.
“Әрбір бала - болашақ данышпан» деген ойлы қағидаға мән берсек, яғни табиғи таланттарды ашу, жас талапкерлердің жарқырап көрінуі үшін мұғалімге жүктелер міндет аз емес. Ол міндет - оқушылардың шығармашылық қабілетін, танымдық белсенділігін, ой - өрісін дамыту үшін аянбай еңбек ету, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту.



**БУРАХАНОВА ӘСЕЛ АСАНБЕКҚЫЗЫ,**
Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты, Алматы қаласы

# ТУҒАН ЖЕР ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Дәстүрлі қазақ даласында ежелгі кезден бастап-ақ туған жердің өзіндік болмысын ардақ тұтып, оны бүкіл өзінің шаруашылығының дамуы мен қалыптасуына, тіршіліктің даму жүйесінің көзіне айналдыра білген. Қазақтың көшпелі өмірінің өзінде туған жерді сүюмен қатар, оны аялаудың, қорғаудың тамаша үлгілерін қалыптастырғанын аңғарамыз.

Туған жердің табиғаты мен тарихы, шаруашылығы мен мәдениеті, географиясы мен өсімдіктері, жан-жануарлар әлемін өзара байланыстырып жеке тұлғаға ауқымды білім мен тәрбие беретін бұл мәселе психологиялық – педагогикалық тұрғыдан зерттеушілерге әрқашанда үлкен қызығушылық тудырған.

Елімізде туған жердің құндылығын меңгертуге бағытталған өлкетану ғылым ретінде патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлау мақсатында алдын - ала арнайы әскери экспедиялар шығарып, ғылыми-танымдық зерттеулер жүргізу шеңберінде енсе, оқытудың ғылыми деңгейін арттырудағы бұл мәселенің құндылығын ерте кезде – ақ түсінген. Алғашқы өлкетанымдық зерттеулердің алғышарттарын біз көне дәуір оқымыстылары Геродот, Эмпедокл, Гиппократ, Теофсраст еңбектерінен байқауымызға болады.

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізісімен жасөспірімдерді туған жерді сүюге тәрбиелеу мәселесі жолға қойылды. Атап айтқанда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Елбасы Жолдауларында бұл мәселеге ерекше мән бірелген.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақаласында еліміздегі жастарға туған жерге сүйіспеншілігін қалыптастыру мәселесі атап көрсетілген. Оның себебі туған жер құндылықтары арқылы жасөспірімдердің бойында үлкен Отанымызға деген сүйіспеншілік қалыптасады [1].

Отан – адамның туған жерінен де гөрі неғұрлым ауқымды әрі әлеуметтік ұғым. Осыған байланысты Н. Ә. Назарбаев: «Көптеген адамдар туған өлке деп тек «өзінің» облысымен немесе «өзінің» ауданымен шектеледі, бұл қате түсінік. Мұндай психологиямен келісу қиын. Перзенттік сүйіспеншілік пен аялы көзқарасқа – патриоттық көңіл күйдегі жастардың қайратты, шебер қолдары мен қалтықсыз жасампаз еңбегіне мұқтаж жерлер Қазақстанда көп. Айталық, біртұтас халықтың өндірістің барлық салаларындағы балалары Қазақстанның гүлденуі мен күш – қуатының артуы жолында жұмыла еңбек етсе, несі жаман» - деп тұжырымдаған еді [2].

Психологиялық тұрғыдан Шәкәрім Құдайбердіұлының «Анық пен танық», «Қазақ айнасы», «Мұсылмандық шарттар» және басқа еңбектерінде адамға сыртқы дүниенің, қоршаған табиғаттың жұмбақ сырын ұқ, танып біл, оның өлшеусіз байлығын мұратыңа, қажетіңе жарат, бұл үшін жаратқан адамға ми берді, білу, нану, ұғыну – тану – бәрі ақылдың ісі екендігін, олардың мидан шығатындығын тұжырымдайды [3,78 б. ].

М. Шоқайдың пікірінше, туған жерді сүю, өзіңнің жеке басыңның талаптарын қанағаттандыру немесе белгілі бір топтың не бір жеке адамның мүдделерін қорғау емес. Туған жерді сүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда әрқашан қызмет етуге, керек болса жан пида қылуға дайын тұрудан көрінеді – деген [3,89 б. ].

Қазақ ғалымдарының еңбектерін саралар болсақ - адамға қоршаған ортаның, табиғаттың сырларын ұғу үшін ми, сана бергенін олардың ішкі сырын білудің бірден – бір жолы білім – ғылым арқылы келетіндігін негізге алған.

Ал алаш қайраткерлерінің бірі Жүсіпбек Аймауытов оқу-ағарту мәселелеріне қатысты бірқатар ғылыми еңбектер де жазды. Оның халыққа білім беру орындарында ұстаздық, жетекшілік қызмет атқара жүріп жазған жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеу, жаңаша білім беру мақсатын көздеген «Тәрбиеге жетекші» (1924) , «Психология» (1926) , «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926) атты елеулі кітаптары мен оқу құралдары күні бүгінге дейін халық тағдыры үшін ерекше роль атқарған еңбектер болды. Ол жеке адамның жаны мен ойын дамытуда тарих пәнінің орны ерекше екендігін тұжырымдап, қазақ әдебиеті, география және тарих пәндерін байланыстырып

«Біздің Отан» деген ортақ атаумен оқыту туралы көзқарасын білдіріп, алға тартты және балалардың өз туған жетік меңгеруде алар орнына тоқталды [4,96 б. ].

Автор жас ұрпақ – айнала - әлемді, табиғатты құрғақ қызықтап, үстірт қабылдамай, керісінше өмірге сүйіспеншілікпен, құштарлықпен қараса, әрбір іс - әрекетінен әсемдікке, білімге, мамандыққа өз көзқарасы қалыптасатынын дәлелдеп жеткізеді.

Туған жер құндылықтары жасөспірімдерге адамгершілік пен патриоттық тәрбие берудің қуатты құралы болып табылады. Оқушылар неғұрлым өзінің туған жерін жан – жақты оқып – үйреніп, зерттеп білуге құштар болса, соғұрлым олардың патриоттық сана – сезімі биік, жан – дүниесі бай, аймақтық білім қоры мол болады, оған зор жауапкершілік сезіммен қарайды. Мұның өзі бүгінгі таңда оқушыларды жергілікті жердің, өлкенің тарихымен тереңірек таныстыру арқылы, соның негізінде ізгілік қасиеттерін қалыптастыру қажеттілігін дәлелдейді.

Патриотттық сезім өзі туып - өскен, алғашқы қадам басып, өмірдің әліппесін таныған жеріне деген сезіммен байланысты екендігі ақиқат. Елінің нағыз азаматы болуы үшін ең алдымен өз жерін, оның тарихы мен мәдениетін, табиғатын, байлығын, өнерін білуі, зерттеуі керек.

Еліміздегі білім беруді ұйымдастыру жүйесі мен білім жөніндегі заңдарын басшылыққа алып, жасөспірімдердің туған жерге құндылықтарын қалыптастыру бойынша білім беретін мекемелердің типтік жүйесінің жалпы сипаты мынадай болу керек деп есептейміз:

- мектепке дейінгі дүниетанымдық тәрбие;
- бастауыш мектептегі туған жерге сүйіспеншілігін тәрбиелеу;
- орта оқу орындары: лицей, гимназия, жалпы орта мектеп, кәсіптік орта мектептердегі жаөспірімдерді психологиялық-педагогикалық тұрғыдан туған жерге сүйіспеншілікке тәрбелеу;
- жоғары оқу орындарындағы өлкетану жұмыстары.

Туған жер құндылықтары негізінде білім беру жалпы білім беретін мектептің алғашқы қадамынан – ақ берілуі тиіс. Бұл өлкетанымдық мазмұнға құрылған танымдық негізінде амалдар мен ойындар, табиғатқа қамқорлық, табиғатқа саяхат, табиғат аясында бірігіп еңбек ету сипатындағы әдістермен негізделеді. Бұдан кейін, бастапқы психологиялық - педагогикалық білім орта мектептерді қамтып, стандартты мәселелер мен туған жердегі мұражайлар, топсаяхаттар, әр түрлі туған жерді танытуға байланысты кештер ұйымдастыру, сыныптан тыс жұмыстар арқылы жүзеге асады.

Оқушылардың бойында жақсы мінез – құлықтың қалыпты нормаларын қалыптастыру үшін адамгершілік тәрбиесі ғасырлар бойы жүргізіліп келеді. Имандылық, әдептілік, ар – ождан, намыс, бауырмалдық, кішіпейілділік, батырлық, ерлік, ұлтжандылық, елжандылық және оқушыны Отанды сүюге, оны қорғау жолында әрдайым даяр болуға өлкенің, Отанның игілігі үшін аянбай еңбек етуге тәрбиелеу тәрізді бағыттар адамгершілік тәрбиесінің басты ұстанымы. Бұдан шығатын қорытынды: туған жердің құндылықтары негізінде Отанға сүйіспеншілікті қалыптастыратын тәрбие адамгершілік тәрбиесімен де тығыз байланысты. Өйткені адам бойындағы асыл қасиеттер Отанға деген сүйіспеншіліктен туындайды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру// Егемен Қазақстан, 12 сәуір 2017.
2. Назарбаев Н. Ә Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. – Астана: Елорда, 2006. – 44 б.
3. Байдалиев Д. Д. Өлкетану негіздері. - Тараз: Тигу баспасы, 2013. – 128 б.
4. Аймауытов Ж. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1994. – 96 б.

**КАЙПОВА ЖАМИЛА АШЫКБАЕВНА,**
Жамбыл облысы Қордай ауданы Қайрат Рысқұлбеков орта мектебі

# ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНЫМ

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | 9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу;<br>9.4.4.1 құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу. |
| **Сабақтың мақсаты** | **Оқушылардың барлығы орындай алады:** тақырыпқа байланысты өз көзқарастарын білдіреді;<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** тірек сөздерді, жаңа сөздерді тақырыппен байланыстырады;<br>**Оқушылардың кейбірі орындай алады:** жаңа тақырыптан алған мәліметтерін шығармашылық жұмыстарында қолдана алады. |
| **Бағалау критерийі** | - Тақырыптың идеясын мазмұнын анықтайды;<br>- Құрмалас сөйлемдерді талдай отырып, ережесін түсіндіреді;<br>- Тақырыпты өмірмен байланысын анықтайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | Негізгі сөздер мен сөз тіркестері: толғау, жырау, қол келу, олжа болу<br>Сыныптағы диалог/айтылым үшін тілдік бірліктер:<br>менің ойымша. .. ,пікірімше. .. ,менің түсінуімше. .. , себебі. .. |
| **Құндылықтарға баулу** | Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы негізінде ұлттық өнерді қадірлеуге, тарихи тұлғаларды ардақ тұтуға тәрбиелеу |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ тілі, тарих |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық жетістіктері |

<table>
<tr><td colspan="5">Сабақтың барысы</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td>Педагог әрекеті</td><td>Оқушы әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br>Жаңа сабақ<br>5 мин<br><br>10 мин</td><td>Жаңа сабақ<br>«Тәуелсіз Қазақстан»<br>Сабақтың оқу мақсатымен таныстырамын.<br>Әдіс: «Галереяны шарлау»<br>Жұмыс түрі: ЖЖ<br>Тапсырма: Берілген суреттер бойынша «Тәуелсіз Қазақстан» ұғымымен байланысты ассоциация құрастырыңдар. Суреттен түйген ойларыңды пысықтай отырып, «Кластер» әдісімен көрсетіңдер.<br>Дескриптор:
<table>
<tr><td rowspan="2">Бағалау критерийі</td><td rowspan="2">Тап-сырма</td><td>Дескриптор</td></tr>
<tr><td>Білім алушы</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Суретпен жұмыс</td><td rowspan="2">1</td><td>Өз ойын білдіреді</td></tr>
<tr><td>Ассоциация құрастырады.</td></tr>
<tr><td></td><td>Өз ойын пысықтайды</td></tr>
</table>
2- тапсырма.<br>Өлеңдегі ұлы тұлғалар туралы деректермен бөлісіңдер. Деректердің ішінен құрмалас сөйлем құрастырыңдар.<br>Әдіс: «КВЕСТ» әдісі.<br>Дескриптор:
<table>
<tr><td rowspan="2">Бағалау критерийі</td><td rowspan="2">Тап-сырма</td><td>Дескриптор</td></tr>
<tr><td>Білім алушы</td></tr>
<tr><td>Өлеңнен ұлы тұлғалар туралы деректерді танысады.</td><td>1</td><td>Деректермен бөлісед</td></tr>
</table>
</td><td>Тақтаға оқушылардың өздері тақырыпқа сәйкес салған суреттері ілінеді. Оқушылар достарының салған суретін бағалайды.<br><br>Төңкерілген</td><td>ҚБ: Жұптық бағалау.<br><br>ҚБ «Температураны өлшеу»</td><td>Интербелсенді тақта<br><br>Оқушылар салған суреттер.</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>10 мин<br><br>Сабақтың соңы</td>
<td>
<table>
<tr><td rowspan="3">Құрмалас сөйлемдерді қолдану, ажырату.</td><td rowspan="3">2</td><td>Құрмалас сөйл құрастырады.</td></tr>
<tr><td>Құрмалас сөйлем түрлеріне ажыратады</td></tr>
<tr><td>Жасалу жол түсіндіреді</td></tr>
</table>
Топтық жұмыс<br>
5-тапсырма. «Блум түймедағы» әдісімен 6 сұрақ құрастырып, жауап беріңдер. Жауаптарыңды салыстырыңдар.<br>
Дескриптор:
<table>
<tr><td rowspan="2">Бағалау критерийі</td><td rowspan="2">Тап-сырма</td><td>Дескриптор</td></tr>
<tr><td>Білім алушы</td></tr>
<tr><td>Тақырыпқа байланысты сұрақтар құрастырады</td><td>1</td><td>Қарапайым сұрақтар<br>Анықтаушы сұрақтар<br>Интерпретациялық сұрақтар<br>Шығармашыл сұрақтар<br>Бағалаушы сұрақтар</td></tr>
</table>
Кері байланыс<br>
«ТИК ТОК» әдісі<br>
Үй жұмысы. 7- тапсырма
</td>
<td>тапсырма арқылы ұлы тұлғалар туралы мәлімет жинап келеді. Құрмалас сөйлем құрастырады.<br><br>«Блум түймедағы» бойынша сұрақтар құрастырады. Топта жұмыстарын бір – бірімен салыстарды.</td>
<td>ҚБ. Мұғалімнің бағалауы.</td>
<td>А3 формат, Маркерлер</td>
</tr>
</table>



**ТУРГЫМБАЕВА ДИНАЗАТ ТУРЫСБЕККЫЗЫ,**
Катонқарағай ауданы Көктерек ауылы «Көктерек орта мектебі»КММ МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ «Айгөлек» шағын орталық

# ТӘРБИЕШІ –ҰЛЫ ТӘРБИЕНІҢ ТІРЕГІ

«Ел есіңде бір жыл қалғың келсе - ас бер, он жыл қалғың келсе - ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе - бала тәрбиеле» дейді дана халқымыз. Баланың ой - өрісін дамытуға, олардың қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюына біздің тәрбиешілердің сіңірер еңбегі орасан. Сондықтан да сөзіміз – түзу, Еңсеміз – биік, Рухымыз – мықты болсын десек бірегей тәрбиеші мамандығын ұлықтай білейік.

Мен бүгін
Ерекше бір сезіммен ояндым,
Сәулелі шуақты ақ таңға боядым,
Жүректе қуаныш, бойда күш тасыған,
Өмірімнің мәніне айналған,
Бүлдіршіндерді көремін тағы да қасымнан!

Мынау менің балабақшам. ..
Мынау менің кішкентай бөбектерім. ..
Әр күні олардың сүйкімді жүзін көргенде еріксіз күлімсіреймін. Өйткені олар мені қуана қарсы алады. Қуанышын жасыра алмай еркелей алдыма келеді. Бір үйдің үміті, шырағы, аяулысы, ардағы, еркесі, бұзығы, қызығы. Мен олармен бірге жүрсем, балаша қуанып, мына өмірге балаша қарағым келеді.
Мен тәрбиешімін. ..
Осынау мамандықтың қызығы мен қиындығын өзі бала ортасында жүрген жан ғана түсіне алады. Жер бетінде тәрбиеші алдын көрмеген адам кем де кем, мүмкін бұл мамандық содан киелі шығар. ..
Дән егіп өсіруден, балапан салып ұшырудан бала тәрбиелеп, балабақшада бүлдіршіндерге өмірде не дұрыс, не бұрыстығын түсіндіріп өсіру ең қиын іс дер едім. Өйткені егінші көктемде алдағы жайма шуақ жазға арқа сүйеп егін егеді. Ал құс көктемде ұя салып, күздің суығында балапанын қатайтып ұшырады да нәтижесі бірден көзге көрінеді.
Ал тәрбиеші ше?
Күздің қоңыраулатқан күніне де, қыстың қаһарына да, көктемнің лайсаңына қарамай табиғат ананың жаңаруымен бірге құстарын баптайды. Бір қарағанда, тәрбиеші тірлігі диқан мен құс сияқты болғанымен, табиғат кезеңіне қарсы жүзіп өз дәнін шашатын диқан, балапанын баптаған құс сияқты. Бірақ нәтижесі бірден көзге көріне қоймайды. Көп жылдар өте, кезінде алдында бүлдіршін болған азамат асқар таудай өсіп, еліміздің мақтанышына айналса - міне, нәтиже.
Мен балаларды жанымдай жақсы көрем. ..
Өйткені бала мен үшін тазалық пен пәктіктің, шынайылық пен туралықтың айнасы. Олар қуанса шын қуанып, ренжісе шын ренжи біледі. Олардың жаны жалғандықты, жасандылықты сүймейді, не айтса да әділ, шындықты айтады. Көздері мөлдіреген, жүздерінде күлкі ойнаған балаларға қарасаңызшы. ..
Адам баласы балалық шақта қандай сұлу, қандай нәзік, қандай аңғал, қандай таза еді. ..
Әр бала өзінше бір әлем. ..
Жаны жақсылыққа құмар, арманшыл. ..
Тәрбиеші мамандығының киесі де, қиындығы да осы періштелерді үлкен өмірге, қалтарыс - бұлтарысы көп өмірге даярлап, қанаты қайырылмайтындай етіп тәрбиелеуде емес пе? !
Жасыратыны жоқ, осы мамандықты таңдаған жандардың кәсібіне көңілі толмай қиындығын айтатындары көп, ал мамандығын өзгертетіндер сирек. .. Оның себебі, сүйкімді балалардың киелі ортасы тәрбиешіні нәзік жіппен өзіне байланыстырып қоятындай.
Мен балабақшада үшінші жыл еңбек етудемін, бұл еңбектен ешбір жалыққан емеспін. Өйткені менің жас бүлдіршіндерге арнаған осы уақытымды өмірімдегі ең бір бағалы уақытым, бақытты кездерім деп айта аламын.
Күнде ертеңгісін балабақшада жас бүлдіршіндерді қарсы алып, олардың жағымды үндерін, сыңғырлаған тәтті күлкілерін, «Сәлеметсіз бе? », «Қайырлы таң! » деген сөздерін естігенде, бойым бір серпіліп қалғандай болады. Балалармен болған әрбір уақытым мені жаңа бір әлемге жетелегендей. Әрдайым балалардың маған деген ықыласын, маған ұмтылған үмітке толы көздерін, не нәрсені білуге құштар шабытты, сұраулы жанарларын байқаймын. Олардың менен күтетіндері өте көп екенін сеземін. .. Балабақшаға бара жатқанда басыма сол күннің жұмысы туралы неше түрлі ойлар келеді. Ойларым сан түрлі болады: менің кішкентай достарым қандай көңіл күймен келер екен? Күніміз қызықты өту үшін оқу іс - әрекетін, ойын түрлерін қалай өткізсем екен? ..
Әрине әрбір оқу іс - әрекетіме жауапкершілікпен қарап, дайындалуды еш жадымнан шығарған емеспін.

Әрбір оқу әрекеттерім жас бүлдіршіндер үшін өз құпиясын ашқан сыр сандықтай болса, өзім сол тылсымы мол жұмбақ әлемнің сиқыршысындай боламын. Әр күннің сәтті шығуы, әрине өзіме байланысты.

Жас өспірімдерді тәрбиелеуде ерекше қабілет пен асқан біліктілік, балаға деген сүйіспеншілік қажет. Өз педагогикалық тәжірибемде, қандай білім беру саласында болмасын әр жұмыстың тартымды, сәтті шығуы тәрбиешінің бала назарын еріксіз оқу іс - әрекетіне аудару, баламен оқу іс - әрекеті үстіндегі әрбір қарым - қатынасты шебер ұйымдастыра білуіне байланысты екеніне көзім жетіп жүр. Көбінесе жұмысымның негізгі бөлімдеріне ғана назар аударылып, ұйымдастыру бөлімінде өткізілетін психологиялық тренингтер, сергіту сәттерінің алар орны ерекше. Мысалы, «Әуенді шапалақ», «Банан, банан, кокос» тренингтерінде тәрбиеленушілерім ерекше көңіл күйге бөленеді. Ал мерекелік іс - шараларда «Шалқан», «Қасқыр мен жеті лақ», «Бауырсақ» ертегілерін сахналағанда түрлі рөлге енемін, бірде ақшақар, бірде шалқан, бірде сайқымазаққа айналғанда балапандарымның қуанышын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Алдыма келетін балаларды үлкен жауапкершілікпен осы ғажайып әлемнің тылсымына ендіру маған үлкен ләззат сыйлайды. Педагогикалық шеберліктің мәні алдымен қызықтыру, сонан соң үйрету деген тұжырымдамасын негізге аламын. Менің негізгі мақсатым – балаларға жақсы көңіл - күй сыйлай отырып, саналы тәрбие, сапалы білім беру. Өзімді жұмыс барысында балаларға бағыт беруші, жол сілтеуші сезінемін. Бұл балалардың өзіне деген сенімін арттырып, оқу іс - әрекеттеріне деген тұрақты зейінін қалыптастыруға, қызығушылығын оятуға жағдай туғызады.

Тәрбие – отбасынан басталатындықтан қашанда тәрбиеленушінің ата - ана, жанұясымен жете танысып, үнемі қарым қатынаста болуды өзіме басты мақсат етемін. Ол біздің ортақ баламыз екендігін сезінуге үйретуге тырысамын. Бірде кезекті ата - аналар жиналысының бірінде әңгімені былай бастадым:

Бір бала анасына келіп:

- Ана, сен мені жақсы көресің бе? – депті.

- Әрине, сен жақсы болсаң ғана жақсы көрем, – деп жауап қайтарыпты анасы.

- Ал, мен сені үнемі жақсы көрем, - деген екен сонда баласы.

Сол кезде аналарымның көздеріне жас келгенін байқадым. Енді олар балаларына басқаша қарайтынын сезіндім. Кез - келген бала – дарынды немесе дарынсыз болсын, жылдам немесе ақырын қимылдасын – бәрібір өзіне деген сүйіспеншілік пен құрметті қалайды. Сондықтан да әр баланың жанын түсініп, мақтап, қолпаштап, көмек көрсету арқылы қызметімде тек қана жақсы жетістікке қол жеткізетініме сенемін. Тәрбиеші деген сөздің мағынасына үңілсек, мақсаты тәрбие беру екенін түсінеміз. Адамның жаны мен тәні қашанда тәрбиеге мұқтаж екендігін ескерсек, тәрбиешіге артылар жүк жеңіл еместігіне көзіміз жетеді. Балабақшада дұрыс тәлім - тәрбие бере алсақ, ол ертең мектепке барып саналы түрде сапалы білім алуға тырысады. Соның нәтижесінде елін сүйген азамат болып шығады. Біз, тәрбиешілер, түрлі болашақ маман иелерін тәрбиелеп жатырмыз десем артық болмас. Болашақ заңгерлерді - әділдікке үйрету, дәрігерлерді - жауапкершілікке баулу, мейірімділікке үйрету, құрылысшыларды - нақтылыққа тәрбиелеу – барлығы тәрбиешінің қолында. Сондықтан да өз бойымызда әділдік те, мейірімділік те, жауапкершілік те болу қажет. Тәрбиеші жұмысы – оңай жұмыс емес. Бірақ абыройлы, сыйлы. Жақсы тәрбиешіні балалар ешқашан ұмытпайды. Оған мысал, көктемде ғана қимастықпен мектепке дейінгі даярлық тобына шығарып салған тәрбиеленушілерім. Олармен кездесе қалсам, маған ұмтылған сағынышқа толы жанарларын көремін. Сол кезде балабақшадағы қызықты қылықтары, бұзықтықтары есіме түседі. Бірін ұмытпайды екенсің. ..

«Білерім - бір тоғыз, білмейтінім - тоқсан тоғыз» демекші, білген сайын білмейтінін көп екенін ұға түсесің. Сондықтан да шығар белестерім әлі алда. Білімімді кеңейтіп, тәжірибе жинау алдымда. Білімді ешқашан өзін білгіш қып көрсетуге тырыспайды. Шын білімдінің зейін - зердесі кең, алыстан қарасаң - кербез, жақыннан қарасаң - кішіпейіл. Жүзіне үңілсең - мейірімді, жанына үңілсең - шуақты көрінбек.

Міне, осындай кербез, кішіпейіл, мейірімді, шуақты тәрбиеші атансам - адами парызымның орындалғаны болар.

**ДАУРАМБЕКОВА АЙГЕРІМ КАБДУЛЛАЕВНА,**
Арайлы ауылының жалпы білім беретін
орта мектебінің тәлімгері
Ақмола облысы, Целиноград ауданы

# ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН

Цифрлық Қазақстан деген не? Цифрлық индустриялық дамыту, басқа барлық салаларға серпін беретін, біздің заңнамамызды жаңа бейімге келтіретін, уақытымызды үнемдейтін жаңа сала болып табылады. Цифрланудың тиімді тұстары өте мол. Соның ішінде халық үшін ең тиімдісі оңайлатылған виза және автоматтандыру жүйесі деп санаймыз. Жалпы елімізді цифрландыру, халықтың бақытты өмір сүруі үшін жасалынып жатқан шаралар екенін түсінуіміз қажет. Тұрғындардың әл-ауқаты артып, еңсесі тік көтерілгенде ғана, Қазақстан дамыған өркениетті елдердің қатарына енеді! Бұл мақсатқа жету үшін, еліміз Үшінші жаңғыруды еңсеріп жатыр. Алдыңғы кезде замана көшінен қалғысы келмеген әрбір азамат, мамандар, ғалымдар мен студенттер ұялы байланыс, телекоммуникация, сандық ТВ, кеңжолақты интернет, ақпараттық технологиялар, Е-үкімет, Е-халық, Е-қызмет, Е-сауда, интерактивті жарнама және әлеуметтік медиа саласындағы өзекті тақырыптардан тыс қалмауы керек деп 2017 жылдан бастап айтылған болатын. Бүгінде бұл цифрландыру жүйесі үлкен қарқынмен дамып келеді. 2017 -2022 жылдар аралығында елімізде цифрлы жүйемен жаңа туылған балаға құжаттар рәсімдеу жүйесі де жеңіл әрі оңай жолдармен алынып жатыр. Яғни, анасына тікелей хабарлама келу арқылы. Мемлекетімізде білім саласынан бөлек шағын және орта бизнесті дамытудың барлық жолдары осылай цифрлану жүйесі арқылы жүргізіліп жатыр. Бұның бірден бір дәлелі, 2020 жылы елімізде жаппай карантин болғанда барлық білім және бизнес салаларының тұлғалары цифрлық жүйеге өтті. Елімізде 2020 жылмен 2022 жылды салыстырғанда еңбек өнімділігі 40 процентке жеткізілді. Қарапайым халықтың цифрлық сауаттылығын 90 процентке жеткізді. Бұлардың бәріне дәлелдер бар. Жұмыссыз қалған азаматтар «Enbek-kz» базасы арқылы өздерін жұмыссыздыққа тіркеп, қалаған жалақысы мен өз мамандығына сай жұмысты тиімді әлі жемқорлықсыз таба алады. Тағы да еліміз үшін ең маңыздысы, цифрлық жүйенің – жемқорлықты азайтуы.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруда 4 бағыт бар. Бірінші бағыт – ауыл-аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіп, Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру. Осы бағыт бойынша біздің тұрғылықты аудан толық интернет жүйесімен қамтылған.

Екінші бағыт – экономиканың салаларына (көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда) цифрлы технологияны ендіру. Екінші бағыттада біздің елді мекен артта қалып қоймады. Алдыңғы қатарлы көрсеткіштер көрсетуде.

Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру. Бұл бағытта да жергілікті әкімшілік қызметкерлері аталған жүйе бойынша толық ақпараттар беріп, халыққа көмек ұсына алады.

Төртіншісі – IT мамандар даярлау. Ауылымыздың көптеген жастары бүгінгі күні осы саланы көп таңдайды. Мектеп қабырғасында жүрген оқушылардың өздері бірқатар бағдарламалар жасап, сол еңбектерінің нәтижелерін көрсетуде.

Қорыта келсек, цифрлы Қазақстандағы барлық бағытты қарқынды дамыту, қарапайым халықтың үйден шықпай барлық жүйені өздерінің орындауларын 100 процентке жеткізу, еліміздегі ең маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі. Елімізде креативті қоғам дамитын болса, халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру жолымен қатар, адами капиталы дамиды.

Журнал редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Рухани жаңғыру» баспа орталығында басылды.
Пішімі 17,5х24,5 көлемі 11 баспа табақ. Офсеттік басылым
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №437
Бағасы келісімді.
Қаріп түрі «Таймс». Қағазы офсеттік